Ерік сапасына сипаттама бере келе В.И.Симонов олардың ортақ қасиеттері: кеңдік, күш және тұрақтылық туралы айтады. Ерік сапасының кеңдігі мен тарлығы іс-әрекет саны арқылы өлшенеді. Ерік сапасының күші кедергілерді жеңудегі ерікті күштеу дәрежесімен анықталады. Ерік сапасының тұрақтылығының басты белгісі ретінде шыдамдылық саналады. Осы қасиеттердің ерекшеліктері әр адамда әр түрлі. Ерік сапасының көрінуі әр түрлі эмоционалдық реактивтілікке, жүйке жүйесінің типологиялық ерекшеліктеріне байланысты. Студенттердің еріктері оның өмір сүру процесінде пайда болған қасиеттерінің белгілі бір жиынтығы, ол мінез-құлықтың саналы өзіндік реттелуінің жеткен деңгейін сипаттайды. Студенттердің ерік

қасиеттеріне мақсатқабағыттылықты, инициативтілікті, шешімге келе білушілікті, төзімділікті, ұстамдылықты, батылдықты, өзін басқара білушілікті жатқызуға болады. Адамның еріксіздігі келесі ұғымдармен сипатталады: принципшілдіктің жоқ болуы, инициативаның жоқ болуы, ұстамсыздық, жалқаулық, қорқақтық, қырсықтық және т.б. Тұлға сыртқы ортамен өзара әрекеттесе отырып, көптеген психикалық қасиеттердің иегері болады. Ерік адам мінез-құлығының маңызды компоненті. Халық арасында еріксіз адамдарды мінезсіз адам деп атайды. Сондықтан да ерік сапаларын тәрбиелей отырып, біз адамның мінезін тәрбиелейміз. Тұлғаның бағыттылығы мен ерік сапалары белгілі бір іс-әрекетте қалыптасады (еңбек, оқу, спорт). Кез келген әрекет эмоциямен байланысты. Жоспарланған және қызығушылықпен орындалған іс-әрекет жемісті болады. Егер студент эмоцияларын саналы басқара білмесе, онда әрекет аффективті сипатқа ие болады /7; 11-18/. Студенттік өмір көбінесе стрестік ситуациялармен ерекшеленеді. Зерттеулердің көрсетуі бойынша, эмоциялық қолдау көрсету студент санасынан маңызды орын алады екен. Жасерекшелік және педагогикалық психологияда студенттердің эмоциялық-ерік сфералары аз зерттелген. Студенттердің эмоциялық-ерік сфераларын зерттеу олардың оқыту процесінен, әлеуметтік деңгейінен алатын қанағаттану деңгейлерін анықтауға мүмкіндік береді /8; 44-49/.

Студенттердің еріктері мен еріктік сапалары олардың іс-әрекеттерінен, әсіресе емтихан тапсыру, курстық, дипломдық жұмыстар жазу барысында кездесетін күрделі жағдайлардағы қиындықтарды жоюға тырысуларынан көрініс береді. Оқу еңбегінің немесе қоғамдық жұмыстардың қандай да бір жақтары оларды қызықтырмауы мүмкін. Лекция, семинар сабақтарында ырықты зейіннің алатын орны өте маңызды. Баяндама жасауға, жалпы өзіндік жұмысқа дайындалу толығымен жинақылық пен табандылықта талап етеді. Сондықтан да студенттердің еріктері мен еріктік сапалары олардың іс-әрекеттеріндегі қиындықтарды жоюдың, әсіресе бірінші курста еңбекке қабілеттіліктің және жоғары оқу үлгеріміне жетудің алғы шарты болып табылады /9; 289-304/.

Студенттердің еріктері мен еріктік сапаларында оның тұлғасының белсенділігі, өзін-өзі ұстай алу қабілеті және өзінің мінез-құлқын саналы басқара алу қабілеті көрініс береді. Сонымен қатар онда тәжірибесі, білімі, дағдылары мен индивидуалды ерекшеліктері көрініс береді. Еріктің пайда болуына ықпал ететін негізгі себептер тұлғалық және ситуациялық және т.б. мотивтер.

Барлық ерік сапалары бір-бірімен тығыз байланысты, заң бойынша бірін бірі толықтырып, күшейтіп отырады. Ерік сапаларының мықтылығы мен оның құндылықтары идеялық бағыттылыққа, олардың дүниетанымдарына және студенттер іс-әрекеттерінің мазмұнына тәуелді /9;289-304/.

Студенттердің психикалық күйлері мен ерік сапаларын зерттеу мақсатында «Ситуациялық және тұлғалық мазасыздануды зерттеу әдістемесі», «САН» сұрақнамасы және «Тұлғаның ерік сапаларын зерттеу» әдістемесі қолданылды. Соңында алынған фактілер Стьюдент критерііне салынып, келесідей қорытындыға келдік.

Сонымен, эмоция және ерік сапаларын тәрбиелеу, сонымен қатар олардың ерекшеліктері әр курста әр түрлі бағытта жүреді. Егер эмоция және ерік сапаларын тәрбиелеу жағына келетін болсақ, 1-ші курс студенттерінде ол оқуда жетістіктерге жетумен байланысты, ал жоғарғы курстарда мамандығын меңгеру деңгейімен байланысты. Ерекшеліктеріне келсек, 1-ші курс студенттерінің эмоциялық-ерік сфералары жоғары курс студенттерінің эмоциялық-ерік сфераларына қарағанда әлдеқайда төмен. Оның себебі, 1-ші курс студенті көптеген қиындықтармен кездеседі, мектептік әдеттерді жоюға тырысады, жаңа білім, білік, дағдыларды

меңгеруіне тура келеді. Ал бітіруші курс студенті барлық пәндер бойынша білімдерді меңгерген және өз бетінше еңбек етуге дайындалуда.

Біздің зерттеуіміздің көрсетуі бойынша, 1-ші, 2-ші курс студенттерінің көпшілігінде, әсіресе оқу үлгерімі жақсы студенттерде қатты шаршау кездескен. Сонымен қатар өздеріне деген сенімсіздік, мазасыздану да осы курс студенттерінде анағұрлым жиі кездеседі. Мазасызданудың жоғарлауын таңдаған мамандығы бойынша оқу орнына жаңа түскен студенттің әлі де болса бейімделе қоймауымен түсіндіруге болады. Екіншіден, информацияның жетіспеушілігінен студенттерде негативті эмоциялар, яғни күйзеліс пайда болады. Студенттер іс-әрекеттерінің маңызды ерекшеліктерінің бірі оның күрделі де мазмұнды информациялармен жұмыс жасауында. Мазмұны жағынан бұл информациялар әр түрлі, өзгермелі, жан-жақты болып келеді. Информацияның көлемі, оны өңдеуге қойылатын талаптар субъектінің, яғни студенттің психикалық мүмкіндіктеріне қайшы келеді. Осыған байланысты жоғарғы когнитивті қысым негативті фактор ретінде студентті жоғары күйзелуге, стресске әкеледі. Осыған сәйкес олардың ерік сапаларының деңгейі төмендейді. Мұндай жағдайдың алдын алу біріншіден, студенттің өзінің ақыл-ой деңгейіне, оның оқу үлгеріміне тәуелді болса, екіншіден жоғарғы оқу орнының қызметкерлері студенттерге оқу барысында кездесетін қиындықтармен алын ала хабардар етіп, жиындар өткізіп отырған жөн. Себебі, әлеуметтік-экономикалық дамуды жылдамдатуда болашақ мамандарды дайындайтын жоғарғы оқу орындарының жауапкершілігі артып отыр.

4-ші курстар 3-ші курс студенттерімен ұқсас келеді. Мазасыздану деңгейлері жоғары, өзбеттіліктері, жауапкершіліктері жоғары. Олар батылдықтарымен, тәуекелге келе білулерімен, белсенділіктерімен ерекшеленеді. Тәуелсіз, дербес пікірлері бар, студенттермен қарым-қатынастары жеңіл. Әлеуметтік ролдері жоғарылайды. Осылайша, 4-ші курс студенттерінің психикалық күйлер және ерік сапалар туралы ойлары 1-ші курстарға қарағанда анағұрлым қалыптасқан.

Соған қарамастан жоғары оқу орнында білім алу барысында студенттердің үлкен интеллектуалды қиындықтарды жеңе білу біліктіліктері мен өздерінің еңбекке қабілеттіліктерін жоғары қалыпты деңгейде ұстай білу біліктіліктері сөзсіз қалыптасады.

Жоғарыдағыларды қорыта келгенде, студенттердің жеткілікті жоғары деңгейдегі еріктері мен еріктік сапалары–қоғамды құрушы тұлғаның еңбек және қоғамдық белсенділігі мен шығармашылық инициативасы үшін маңызды жағдай болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Зимняя И.А. Педагогическая психология. М., 2004
2. Зимняя И.А. Педагогическая психология. Уч. пособие. Ростов н/Д., Феникс, 1997.
3. Психология. /Под ред. Б.А.Сосновского.- М., Юрайт, 2005.
4. Глуханюк Н.С. Практикум по общей психологии. М., 2005.
5. Материалы междунар.научно-прак.конф. «Аманжоловские чтения – 2005».ч.3.
6. Общие основы психологии. / Р.С.Немов, М., Владос, 1995.
7. Селиванов В.И. Воля и ее воспитание. М., 1976.
8. Альманах психологических тестов. М., Изд. «КСП» 1995.
9. Дьяченко М.И. Психология высшей школы. М., 2004.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются особенности волевых качеств студентов.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада студенттердің ерік-жігер сапаларының ерекшеліктері қарастырылады.

ПСИХОЛОГИЯНЫҢ БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ

АРНАУЛЫ БАЛАЛАР ҮЙІНДЕ КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРМЕН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТҮРҒЫДАҒЫ ЖҰМЫС

Ақажанова А.Т. (Алматы қ., ҚазМемҚызПИ)

Адам баласы дара емес қоршаған әлеммен тығыз байланыста өмір сүреді. Бірақ арнаулы білім беру ұйымдарының спецификасы басқа оқу мекемелерге қарағанда ерекше өзгешелігін байқатады. Біздің халқымыз тәуелсіздік алғаннан кейін әлеуметтік, саяси, экономикалық және рухани өзгерістерге ұшырады. Осыған байланысты арнаулы балалар мекемелеріне психологиялық-педагогикалық тұрғыдан өзгерістер, жаңалықтар енгізу мәселесі күн тәртібіне қойылып отыр. Қазіргі кезде девиантты, яғни мінез-құлықтың ауытқу, қоғам құқығына немесе адамгершілік-өнегелі қалыпқа қарсылық білдірулер жиі орын алып отыр. Ата-анасыз, қамқорсыз қалған балаларды тәрбиелейтін, білім беретін арнаулы мекемелер жасөспірімдер үшін ең соңғы кезең болып есептелінеді. Олардың тұлғалық, әлеуметтік, психикалық жетілуі бірінші кезеңде болып, өзекті мәселеге айналуы қажет.

Қазіргі кезде кәмелетке толмағандардың психологиясын ескере отырып, біздің әділетті сот органдары оларды қамқорлыққа алғандары байқалады. Балаларға деген тиісті жеңілдіктер орын алғанын және қылмыстық жауаптылығы жеке дараланғандары Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің арнаулы бөлімінен байқауға болады. Соңғы кезде ерекше көңіл ювеналды әділеттікке (ювенальная юстиция) бағытталған. Мысалы, негізгі базалар болған Алматы қаласының Әуезов ауданының және Алматы облысының Қарасай ауданындағы экспериментке қатысушыларымен (наурыз айы, 2003ж.) жаттығулар (тренинг) ұйымдастырылды. Осы іспеттес шара ЮНИСЕФ-тің жазғы мектебінде (шілде айы, 2005ж.) әлеуметтік қызметкерлер дайындау семинары ретінде өтті. Мұндағы қатысушылар қатарында Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институтының профессоры К.Ж.Қожахметова, доцент А.Т.Ақажанова және оқытушы-психолог Ж.Кайырова болды. Осыған байланысты А.Т.Ақажанова «Кәмелетке толмағандардың девиантты мінез-құлықтарын педагогикалық-психологиялық коррекциялау» атты бағдарлама құрастырды.

Бұл курстың мақсаты: студенттерді девианттық мінез-құлықты балалармен диагностикалық және коррекциялық жұмыс жүргізудегі педагогикалық-психологиялық білімдермен қамтамасыз ету. Бағдарлама екі бөлімнен және қосымшадан тұрады: теориялық (дәріс), тәжірибелік (СӨЖ, СОӨЖ). Жартылай сыннан (апробациядан) психология кафедрасының 1 курс магистранттарымен откізілді.

Жобаны жүзеге асыру мақсатымен келесі мекемелермен келісім шартқа қол қойылды: №2 Балалар үйі (120 тәрбиеленуші, 1990 ж. құрылған) – директоры Д.С.Алдакеев.

«Девианттық жас өспірім балаларына арналған білім беру ұйымы» (80 тәрбиеленуші, 2005 ж. құрылған, кезіндегі РЦТП) – директоры Т.М.Шалгимбаев, «Айналайын» атты балалар үйі (Талдықорған қаласы, Алматы облысы, 163 тәрбиеленуші) – директоры Н.К.Баймадиева.

Жоғарыда аталған Алматы қаласының №2 балалар үйінде – сенбі күні, ал Девианттық ұйымында – бейсенбі күндерінде педагогикалық-психологиялық жұмыс өткізу күндері деп келісімге келдік. Осы мекемелердің тәрбиешілері мен психологтарының ұйымдастыру көмегімен дәріс тыңдап, тәжірибелік білім алған 1 курс

магистранттармен диагностикалық жұмыс жүргізілді: Спилбергер-Ханиннің ситуативтік және жекелік мазасыздану өлшемі, Леонгард-Шмишек сұрақтары бойынша акцентуация типтерін анықтау, тұлғаның жекелеген қасиетін байқаудағы «Кездеспейтін жануарлар» әдісі, Г.Айзенктің тұлғаның психикалық қалып деңгейін өлшеу т.б. Диагностика нәтижелері ерекше ойландыратын жағдайға алып келді. Мысалы, №2 Балалар үйі бойынша акцентуация типтерінің келесі жағымсыз жақтарын айқын байқатты: 100% - тұтығып, тежеліп қалу (застревающий); 88% - наразылық (қыр) көрсету (демонстративный); 77% - қозушылық, желігушілік (возбудимый) т.б.

«Айналайын» балалар үйінде: 73% - тұтығып, тежеліп қалушылық, 60% - қозу-желігушілік т.б. Қорыта келсек балалардың көпшілігінде мінез-құлықтарының келесі көріністері жиі байқалатыны дәлелденді: дау-дамайға дайын, қызғаншақтық, агрессивтілік, қатыгездік, әдепсіздік, балағаттылық т.б.

Спилбергер-Ханин әдісі бойынша: 38% - жағдайға (ситуацияға) байланысты, ал 51% - жоғары түрдегі жекелік мазасыздану – қобалжу деңгейін көрсетті; ал қыздар мен ұл балаларды салыстыру қыздардың мазасыздануы ұлдарға қарағанда екі есе жоғары екенін байқатты (32% - қыздар, 16% ұлдар).

«Өмірде жоқ жануар» («Несуществующее животное») әдісі келесі қарым-қатынас кезіндегі мазасыздану, қобалжу, албырттылық, жыныстық (сексуалды) жақтың жоғары деңгейдегі маңыздылығы, қиялдың нашар дамуын, эмоционалды және интеллектуалды жақтардың бұзылысқа ұшырауын т.б. жағымсыз жақтардың көріністерін байқатты. «Айналайын» балалар үйіндегі тәрбиеленушілердің жағдайлары тест көрсеткіші бойынша шүкіршілік. Оның негізгі себебі директоры Н.К.Баймадиева ханымның жетекшілігімен арнайы бағдарламаға негізделген алуан түрлі мәдени-әлеуметтік, педагогикалық-психологиялық жұмыстар жүргізіледі. Бірақ, мұндағы алаңдататын тест көрсеткішінің бірі – жыныстық (сексуалды) сфераның жоғары деңгейде болуы. Біздің түсінігімізше, оның себебі жеткіншектер құпия-интимдік проблемаларын ешкіммен бөлісе алмағандықтан, олар іштей тынады. Мысалы «Айналайында» 163 балаға 2 тәрбиеші, 1 психолог, ал әлеуметтік қызметші мүлдем жоқ. Әлеуметтік психологиялық маман тапшылығы тәрбие барысындағы жұмыстың нәтижелі болуына әсерін тигізеді.

Қорыта келіп біз мынадай тұжырым жасадық:

1. Арнаулы мекемелер жалғыз ғана диагностикамен шектелмей, ұзақ уақытқа бағытталған коррекциялық-реабилитациялық жұмыс жүргізуді қажет етеді.
2. Осы мекемелердің спецификасын ескере отырып, ғылыми (диплом, магистрлік, кандидаттық) ізденіс-зерттеу жұмыстарын арнаулы бағдарламалар құру арқылы жүргізген пайдалы болады.

Осыған бағытталған әңгімелесу, тренинг жұмыстарын психология кафедрасының 1 курс магистранттары мен аспиранттары (Н.Бегалиева, Ш.Молдаханова) жүргізе бастады.

2005-2006 оқу жылы Девиантология және Виктимология мәселелеріне арналған әртүрлі тақырыпта ғылыми мақалалар жарық көрді (А.Т.Ақажанова, Н.Бегалиева, Ш.Молдаханова).

Жобаға байланысты 1 апта бойы ресми сапармен Ресей Федерациясының Санкт-Петербург қаласында болдық. Ондағы мемлекеттік психология және әлеуметтік жұмыс институтының ректоры, психология ғылымының докторы, профессор Ю.П.Платоновпен және сол ұжымдағы атақты ғалымдармен кездесіп, пайдалы мағлұматтарға ие болдық. Олардың жоғары оқу орнына сай құрастырған әр түрлі комплекстік бағдарламаларымен танысып, шын жүректен ризашылығымызды білдірдік. Сонымен қатар, ата-анасыз, қамқорсыз, жетім, кемшіліктері бар (дизонтогенез) девиантты мінез-құлықты түзететін орталықтарға, мектептерге және

балабақиналарға барып, олармен өткізіліп жатқан жұмыстармен таныстық. Ерекше көңіл қойып, айта кетер жағдай, ол («Вера» орталығы, №11 балалар үйі, «Александра» - құқықтық қызмет көрсету орны т.б.) профессор Платонов институтының арнаулы мекемелерімен тығыз байланыста болып, ғылыми тәжірибелік жұмыстар атқарулары. Ізденушілер ғылыми тақырыптарына сәйкес олар бекітілген арнайы мекемелерде тәжірибелік жұмыс өткізіп, кафедра мәжілісінде есеп береді. Психология және әлеуметтік институт қабырғасында тәжірибелік психологтарға арнай бағытталған мемлекеттік «Иматон» атты мекеме қызмет көрсетеді. Бұл орталықта комплекстік өнімдер (кітаптар, журналдар, дискеттер, әдістемелер т.б.) жинақталып, тәжірибелік психолог пен әлеуметтік педагогтарды алуан түрлі мағлұматтармен қамтамасыз етеді.

Профессор Ю.П.Платонов Финляндиядан ресми сапармен институтқа келген делегация мүшелерімен таныстырып (Мариетта, Мариана ханымдар), әңгімелеуге жағдай тудырды. Екі жақты (ҚызПИ - Санкт-Петербург институты) кездесудің нәтижесі институт ғалымдарымен сұхбаттасып, келісім шартқа қол қойылумен аяқталды.

Жобаны іске асыру кезінде мынадай тұжырымға келдік. Арнаулы балалар үйінің тәрбиеленушілеріне әлеуметтік-психологиялық, педагогикалық тұрғыдан қызмет көрсету мәселесіне ерекше назар аудару қажет. Себебі жалғыздықты, шеттенуді, жетімдікті, қамқорсыздықты корген балалардың интеллектуалды дамуы, ойлау қабілеттілігі нашар болатыны, әлеуметтік кемелденулері тежелетіндігі біздің зерттеу (диагностика) жұмысымызда айқын көрініс берді.

Сондықтан да, шетел және Ресей мемлекеттерінің осы бағыттағы іс-әрекеттерінің нәтижелі жүріп жатуына байланысты, олардың тәжірибелерін пайдалана отырып, біздің арнаулы білім және тәрбие беру мекемелерінің жұмысын талапқа сай қарастырып, педагогикалық-психологиялық тұрғыдан өзгерістер енгізіп, белсенді жұмыс жүргізген жөн болар дейміз.

РЕЗЮМЕ

В статье раскрываются особенности работы психолога с девиантными детьми, выполненного по проекту ЮНИСЕФ, а также результаты диагностик, проведенных по различным методикам.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада ЮНИСЕФ жобасы бойынша девиантты балалармен жүргізілген психолог жұмысының ерекшеліктері қарастырылған.

АБАЙ МҰРАСЫНДАҒЫ «АҚЫЛ» ҰҒЫМЫНА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ПАЙЫМДАУ

Халитова И.Р. (Алматы қ., ҚазМемҚызПИ)

Психология-дегенді адамның ішкі жан дүниесіне қатысты ілім, ал психиканы жүйке қызметі ретінде ұғынсақ та бұл екеуінің біртұтас екенін адамдардың ақылы, ой қызметі мен іс-әрекетінің тұтастығынан көреміз. Адамның ішкі жан дүниесінің корсеткіші олардың қимыл-әрекеті, жүріс-тұрысы, сөйлеген сөзінің мәні, ым, ишара мен жаңсаулары, мінез-құлқы, қоз тастауы б.а коруі гана емес қалай қарайтыны, немесе қлай қоз салатыны, қас-қабак қимылы т.с.с бет әлпеті, көптеген іс-қимылдары болып

табылады. Ежелден-ақ психология, ғылым ретінде қалыптаспаған заманда осыларға қарап отырып жекелеген адамға, адамдар тобы не болмаса бүкіл бір ұлт, қауым, этносқа сипаттаулар беріп, бірін екіншісінен айыратын ерекшеліктерін белгілеп отырған.

Жекелеген адамдардың осы сыртқы сипаты, іс-қимылы оның жалпы ой, сана деңгейі, әсіресе ақыл, парасатынан хабар беріп тұратыны да ежелден-ақ белгілі болған. Көптеген адамдардың осы сыртқы сипаттарының ұқсас, не салыстырмалы түрде бірдейлігіне қарап оларды топтастырған. Мысалы, сыртқы кескін-кейпінен басқа тіл ерекшелігі мен салт, дәстүрі, киім-кешегі, қысқасы “нені қалай істейтіндігі” адамдарды қауым, ұлт, этносқа бөлуге иарт түзген. Ал ондай ұқсастық не ерекшеліктер өмір жағдайлары, тұрмыс салты, әлеуметтік және табиғи ортаға, еңбек етіп күн көрісіне байланысты болғаны психология тарихынан белгілі.

Адамның психологиялық қалыптасуына оның күн көру үрдісі ықпал еткен. Өмірінің көбі ат үстінде, үй бетін көрмей мал бағумен өтетін дала халқы көбірек еркіндікке, әр түрлі қиыншылықтарды жеңуде өз күшіне, өзіне ғана сенуге, қиынқыстау жағдайлардың шешімін басқалардан көмек күтпей өзі табуға үйренген. Әр нәрсені өзі білгендей етіп шешу - еркін өмір мен кең ауқымды табиғат қойнауындағы жайбарақат тұрмыс оларды еркін ойлауға, “әр нәрсеге өз ақылымен жетуге” (Ж.Ж.Руссо) үйретті. Ата-бабаларымыздың алғыр, өр мінезді, қайтпайтын қажырлы, ұсақ-түйекке инайлықпайтын жігерлі, әр нәрсенің байыбына ақыл-ойымен ғана баруға бейімділігінің себептері де осында болса керек. Осындай ахуалда қалыптасқан ой-сана мен мінез-құлық өз ортасынан бөлек күштерге бағынуға бейімді болмайтыны себепті сырттан келген қандай да бір күштерге басы байлы, бағынышты болуға дереу көне қоймай тулап мінез көрсетуі де осыдан.

Дала халқы ойға бай сөзге шешен болғандықтан өмірдің әр сәтіне, саналуан жағдайларға байланысты мақал-мәтел, қанатты сөз т.б. айта берген. Осылардың өзі-ақ халқымыздың даналығы мен ертеден келе жатқан ақыл-ой сабақтастығының бар екенін көрсетеді. Бұның барлығы қазақ ұлтының психологиялық қалыптасуына, мысалы, мінезінің ұстамды, қимылының шамдағай да батыл, жүріс-тұрысының салмақты, әр нәрсеге “ой көзімен” қарауға бейімділігі, сенгіштік секілді мінездің қалыптасуына алып келген.

Бұған қарама-қарсы салыстырғанда егіншілік, отырықшылық өмір мен материалдық өндіріс жағдайлары, мысалы, теміршілік, етікшілік, тоқымашылық секілді шеберханалардағы жұмыстар адамды бағынуға, тіл алғыш болуға, айтқанды екі етпейтін елгезектік, атқарушылық(исполнительный), тәртіпке бойұсқу және жауапкершілікке тәрбиелеген. Бұлар, сырт көзге, адамның жалпы сипаты емес жекелеген қимыл-қарекеті, сөзінен, іс нәтижесінен тағы басқалардан да байқалатыны белгілі. Мысалы, қазақ халқында бір заттың жоқ екенін тікелей “жоқ”-деп тақ ете түспей, “болмай тұр”, немесе “бар еді таусылып қалды, болғанда беремін” деген секілді түрде айтқан. Тағы бір осы “жоқ” сөзіне байланысты ұқсастық, барлық адам бір нәрсені “жоқ” дегенде басын шайқайды, ал “білмедім” дегенде кейбір ұлт өкілдері иығын қомдайды немесе екі иығын көтеріп қиқаң еткізеді. Бұл Еуропа халықтарына тән. Ал шығыс халықтарында бұл қимыл жоқ. Қазақта ондай қылықты “Қой иығыңды қомдама. Жаман болады” деген. Тағы бір мысал, шығыс елдерінде, соның ішінде қазақ халқында сұқ саусағын шошайтып көзге түрткендей етіп көрсетпейді. Ондай қылықты да жаманға жорып тыйым салады. Бұл Еуропа елдерінде олай емес.

Айтайын дегенім, адамның сыртқы іс-әрекетінен бастап барлық көзге көрінетін тұстары толығымен оның ішкі дүниесінен хабар беретіні. Ал ішкі дүние дегеніміз ой, сана, ақыл, сезім, эмоция, тағы басқа ішкі факторлар және одан туындайтын, соларды сүйемелдеп мәнін жете түсіндіруден келіп шыққан іс қимыл, сөз т.б. адамның ақыл, ой,

парасат дәрежесінің көрсеткіші. Олардың әр түрлі болып қалыптасуына не болмаса көрініс беруіне сыртқы факторлар мен ішкі жүйке жүйелерінің ерекшеліктері ықпал етеді.

Түптеп келгенде, ақыл мидың жұмыс істеу сапасының көрсеткіші болса, парасат - ақыл арқылы алған білімі, көргенінен көңілге түйгені, солардың ақыл аумағынан орын тебуі, сойтіп, ойына пікір қонып сана ерекшелігіне айналуы. Оның іс-қимылында байқалуы адамның ақылының “жеткілікті” не болмаса “кемшілігін” сипаттайды. Психолог ғалымдар әлі күнге ми мен жүйке қызметі арасындағы байланыстың қалайша адамның ақыл, парасатына ықпал ететінін толық шамалай алмай келе жатқанын, ғылым әлі танып-білмеген көмескі тұстарының көп екенін айтып келеді. Сол себепті олар ақыл туралы сөз қозғағанда ғылыми сипатта жауап беру мүмкін емес, өлеңмен ғана жауап беруге болады-деп дәріптейді. Мысалы, Шәкәрім:

...Анық ақыл адымын асырмайды,

Ешнәрсе одан құтылмас жетпей қалып –деген /1/.

Ақыл туралы адамзат санасына ой қонғалы бері айтылып келеді десек-жаңсақ бола қоймас. Қазіргі кезде әлемге әйгілі болып отырған “Орхон-Енисей” жазбаларында ақылды құрал және адамның ішкі жан дүниесінің мығымдығыш көрсететін құндылық және мінез-құлықтың маңызды құрамы ретінде “ақылды, батыл кісілерді табағаштар қозғай алған жоқ”-деген. Бұдан ақылдың басты қасиетінің бірі батылдық, демек ондайлардан кім де болса қаймығады деп ұғынуға болады. Бұған мысалды қазіргі күні де көріп, біліп жүрміз. Жазба ескерткіштегі тасқа “ақыл иесі мен едім...ақылғөйі білгір еді...ақылғөйі кемеңгер екен” – деген ақылға қатысты пікірлерінен, ақылды адамның сол кездегі ел жайына ықпал етіп отырғанын, басшылардың олармен санасып отыруының табыстарға жеткізгенін ұғынамыз.

Қорқыт жырларында ақылына ісі сай адам туралы айтса, “Оғызнамада” ерлігіне ақылы сай адамдар, қоғамның құндылығы ретінде бағаланады. Түрік дәуірінде ақыл туралы айтылған ойлардың барлығының психологиялық астары адамның іс-әрекеті, мінез-құлқы, сөзінде көрініс табатынын байқатады, мысалы, “ақылы қысқаның ашуы тез” деп кім, қашан, қалай айтса да шындық екеніне көз жеткізуге күнде мүмкіндік бар. Келтіріген үзінділердегі, одан соң әл-Фараби заманындағы және одан бұрынғы, одан кейінгі ақыл туралы терең, жете айтылған ойлар бұған айғақ. Әрине бұлар өз алдына зерттеуді қажет етеді.

Қалай десек те, ақыл-мидың қызмет сапасының көрсеткіші деген сөзге тоқтаймыз. Ақыл және оның келіп шығу табиғаты ежелден-ақ ойшылдардың пікіріне түрткі берген. Біздің заманымызға дейінгі ғұламалар Демокрит “коп білгендік ақылдың белгісі емес”-десе, Квинтилян “ес, еліктеу, қабылдау-ақыл қасиеттеріне жатады дей келе, ерте “ііскен” (ерте жетілген) ақыл ешқашан толық болмайды, “ақылға ерік керек”-деген; Монтень “жалаң оқымыстылықтан гөрі, ақыл мен жақсы мінез құрметтеуге тұрарлық; Гельвеций “ақыл мен талап адамдардың ерекше жағдайы мен өздерінің ұмтылыстарының жемісі”; Дидрө –адам тумысынан надан, бірақ ақымақ емес дейді де қандай адамды ақылды деуге болатынын айтпайды.

Абайдың ақыл туралы тұжырымдары әп- сәтте туындай қоймағаны, оның ақыл туралы ойлар айтуына алдыңғы ғасырларда мәдени, ғылыми, әдеби негіз қаланғаны және оны ақынның оқып меңгергені жайлы айтылып келеді. Абайдың медреседе оқып жүрген кезінде көп ізденгені турасында оның шығармалары мен өмірін зерттеген ғалымдар Қ.Мұхаметханов, Ө.Сүйіншәлиев, З.Ахметов, т.б. Абайдың Физули, Шәмси, Навои, Сағди секілді шығыс ғұламаларының еңбектерімен таныс болғанын жазған болатын. Ал осы аталған ғұламалардың әл-Фараби, М.Қашқари, Қ.А.Иассауи, Ж.Баласағұни т.б. орта ғасыр ғалымдарының еңбектерімен таныс болғаны шығыс, өзбек әдебиетін зерттеушілер айтып келеді.

Демек, ғұламардың ақыл туралы айтқандары Абайдың ақыл туралы ойларына әсер етпей қойған жоқ, мәселен, әл-Фараби ақылдың синтетикалық сипатына қатысты “адамға алдымен бітетін нәрсе күш...мұнан соң түйсінетіні... аңдауға мүмкіндік беретін... аңдатқызатын күш... сезімдік аппарат” пайда болады деген. Одан соң екінші күш жадында сақтау, қиялдану күші, мұнан соң осылардың барлығын біріктіретін ойлау күші пайда болады деп пайымдаған. Ғұлама ғалым әл-Фараби ақылды құрал (инструмент), аспап ретінде бағалаған. Осылай деп түйіндеуімізге ғалымның адамдардың парасаты, ақыл туралы басқа да айтқандары дәлел болады: “ікір туғызатын парасатты күш” ақыл, “дана, білгір, тапқыр” болудың кепілі де ақыл. Ол, ақыл мен парасатты өзара байланысты, бірінсіз екіншісінің болмайтынын “ақыл-естің тілегенін жасауға парасаты және батылдығы жететін есті адамдар болады” –деп көрсетеді. Осыдан ақылдың үш қызметін сипаттап отыр: тілегенін істеуге мүмкіндік беретін, батылдық, естілік/2/.

Ақыл-деген бір сөзге ғұлама ғалымдар адамның бойындағы жақсы қасиет, қабілеттің барлығын сыйдырын, оны өлшейтін-таразы, бағалайтын-уәзін (критерий), жол бастайтын-басшы, бағыт беретін-нұсқаушы, ретінде дәріптеген. Әл-Фараби және одан кейінгі ғұламалардың ақыл туралы айтпағаны қалмаған, бірақ олар оның ішкі тетіктерін ғана толық пайымдай алмады, қазірде ол әлі жете зерттелген жоқ. Мысалы, Ж. Баласағұни ақылды – ұлы, ақыл қайда болса сонда ұлылық болады, ақылды – ұғар, ақылды күллі ісінді алып шығады; ақыл білім тілмашы, ақыл көркі-тіл; ақыл-шырақ, ақыл-қолдаушы, ақылдыға құрмет лайықты; ақыл болса, асыл болар; ақыл сенің анттасқан нақ жолдасың; ақыл керек білім таңдап аларға; ақылсыз жан хайуанмен тең; ақылды адам қарын бақпас, ой бағар; ақылды сөз-сұр жебе; ақыл-батыл дегендері біз жоғарыда келтірген Орхон-Енисей жазбаларындағы пікірлермен ұштасып жатады. Ақыл туралы тағы да сол ғұламалар: емде ақылмен ауру шалмас басыңды; болса ақылың-таза арың; ақыл-арды жапырар-зұлмат күш жоқ; ақыл, білім-қос қанаты адамның; ақыл-мұрындық; ақыл сездіреді деп ақылдың адамға істейтін қызметін топтастырған. Олар ақылды - жұмысшы, өлшеуіш уәзін, қуат, қасиет, жолдас, күш, құрал ретінде қарастырып оның сан-алуан қабілеті мен мүмкіндіктерін, басқа да қырларын көрсеткен.

Ғұлама, ғалым Жүсіп Баласағұнидің “Ақыл. Оны адам үйрене алмайды. Адаммен қоса жаратылады. Үйренілмейді. Ақылдан басқа барлық өнерді кісі үйренеді” деген пайымдауы осы күні кейбір шетелдік психологтардың (Е.Берн) жаңалық ретінде айтып жүргендеріне сәйкес келеді. Бірақ ақыл-адамның туа бітетін сапалық көрсеткіші, қасиетінің бағасы мен адамдық құндылығының белгісі екенін Ж.Баласағұни әлдеқашан айтып қойғаны, шығыс оның ішінде түрік дәуірі ғұламаларының озық ойлы болғанын көрсетеді. Бұл сөздердің барлығын олардың өмір деген ұлы мектепті бақылап, байқап, пайымдап барып айтқаны да философ, психолог, педагог және басқа да ғалымдар тарапынан айтылып келеді.

Қожа Ахмет Иассауи әр қылған ісінің салдарын, артын ойлау ақылдың белгісі дей келе, нәпсіні тия білу, жақсылық іс, жақсы ой, бір жаратушыға “махаббат қылып” одан басқаның барлығын тәркі ету ақылдының ісі “ақылға ерсең көрстаннан хабар ал”; тарихатты- тарихты таны, шарифатты-заңды біл, хақиқатқа-шыншылдыққа бойұсұн, мағрипат- оқу-ғылым жолын ұстау-ақылдың белгісі деп дәріптейді. Пайғамбардың жолын ұстап, жаратушыны тануға ұмтылу ақылдының ісі деген ойларынан ғұламаның ақылдылық өлшемі-адамның іс-әрекетінің рухани әлемімен астарласып жатуының өзі ақыл белгісі дегенге саяды.

Түрік даналарының тағы бірі Ахмет Жүйнеки (Иүгнеки): ердің көркі-ақыл; тілін тартпаған кісіні ақылды деуге бола ма? Ақылсыздықтан өзінді аулақ сал; Сүлеймен Бақырғани- күнделікті өмірдегі нәпеі мен ақыл-рахым арасындағы күресті: нәпсім

айтады: дүниені қақпалап (қоршап) ал, дүниенің бар мүлкін жина, біреудікін жеуге құмарлан, күні-түні ішіп-жеп қарныңды толтыр-дейді; ақылым, рахымым айтады: ілімді біл, ізгілік істер істе, нәпсінді тый, жаратушыдан ризашылық ал-деп. Бұл да ақылды - жетекші, басқарушы ал нәпсіні-азғырушы деп көрсетеді. Ақыл жайлы “Психология” сөздігінде “адамның танымдық мүмкіндіктерінің жалпы сипаттамасы адамның ойлау қабілетінің дара психологиялық сипаттамасы” /3, 3656./ делінген. Мұнда ақылдың сапасы, сипаты емес қызметіне көбірек ойысады да физиологиялық, тектік(қанға жазылып қалған) мәнін көп жағдайда ұмыт қалдырады. Өйткені одақ кезіндегі психология, физиологияда “тек” ұғымын мүлде жоққа шығарып, онда тұқым қуалаушылықты бірғана физиология, анатомия тұрғысынан тәрбиеге ықпал ететін фактор ретінде, сыңаржақты қарастыратын да тәрбиенің мәнін өте жоғары қоятын. Тәрбие арқылы адамды түбегейлі өзгертуге болады деген ұғымда болып идеология негізінде халықтың ой-санасын тәрбиелеу арқылы қоғамды өзгертуге болады деген бір дерексіз пікір қалыптасқан. Әрине тәрбиенің мүмкіндігін мүлде жоққа шығаруға да болмайды. Алайда “Ақылды ұғады..., суды сіңген жерге сеп, ақылды ұққан кісіге айт, әуел қисық жаралған, тезге салса түзелмес” деген секілді тағы басқа да халқымыздың мақалдары мен мәтелдері, ақын-жыраулардың айтқандары, даналардың қалдырған жазбаларынан ақыл болмысына көп нәрсенің байланысты екенін көреміз.

Ақыл туралы “Педагогикалық энциклопедия” сөздігінде ақыл - адамның қылығында, өмірінің бүкіл іс-әрекетінде көрініс табады, сондықтан ол саналылықтың көрсеткіші, ойлау қабілетінің дамығандығының белгісі - деп берілген. Психологияда ақыл-қабілеттің синонимі ретінде көп қолданылады, мысалы, ақылды дамыту, тәрбиелелу, ұштау деген секілді. Ақыл барлық немесе ақылдылық - белсеңді және табысты ақыл қызметіне қабілетті болу - деп берілген” /4, 3266./.

Ақыл туралы айтудан бұрын, әрине, бас миының қызметі психикаға қайырылған жон. Бұған келгенде “поэзиясыз” іс бітпейді дейді Я.А.Коломинский (Человек: психология, 1980), бұлай деуі орынды да. Өйткені адамды басқаратын бас миы өте күрделі, әлі күнге мүмкіндіктері толық ашылып болмаған, зерттелуі ешқашан таусылмайтын мәңгілік мәселе. Осыған қарамастан оның өте бір жетілген материя екені тағы белгіленген немесе ақылдың физиологиялық сипатына меңзегенімен ол әлі толық ашылып болмаған. Ми туралы “эволюцияның бұл жоғары өнімі, бұл мүше, ақпаратты қабылдайды, өңдейді, сақтайды, іс-әрекетті бағдарлайды және оның орындалуын реттейді” дейді белгілі психолог А.Р.Лурия (Потерянный и возвращенный мир). Бұл да мидың жүйке мен рухани ішкі әлеммен байланысын аттап кетеді.

Даналық, дарын, ақыл, қабілет, талап, ырықтылық, ақымақтық, сенім, адамгершілік, бақыт іздеу, мінез-құлық кемшілігі, қателіктер, әдет-дағдылар, істің табыстылығы, құмарлық, құштарлық қызығу т.б. барлығы мидың құрылымдық ерекшелігіне байланысты, физиологиясына тәуелді деген ойдамыз. Мидың физиологиялық ерекшелігі әлі күнге толық зерттелмеген. Қабілет, сапа, қасиеттерді дұрыс пайдалану, демек бас миының осыларды басқару мүмкіндіктері адамның іс қимылының нәтижесінің көрсеткіші. Басқару дұрыс болса іс-әрекет бағыты дұрыс, олай болмаған күнде қате.

Бас миының физиологиясын зерттеген М.И.Сеченов пен И.П.Павлов оның қызметінің рефлекторлы қағидаларын анықтағаны белгілі. Олардың пайымдау бойынша, адамның өмірдегі бүкіл болмысы, іс-қимылы, жүріс-тұрысы, киім киісі, аяқ-қолының қимылы, бет әлпеті, жаңсаулары, сөйлеу әрекетіндегі тіл мен көмей, жағының икемділігі, еріндерінің қимылы, бәрі-бәрі оның психикалық ахуалынан хабар береді. Ал адамдардың жеке ерекшеліктері олардың психикасының өзгешеліктері қоршаған органы бас миының шағылдыру, бейнелеу ерекшелігінен туындайды.

Ақыл туралы айтудан бұрын, әрине, бас миының қызметі психикаға қайырылған жөн. Бұған келгенде “поэзиясыз” іс бітпейді дейді Я.А.Коломинский (Человек: психология, 1980), бұлай деуі орынды да. Өйткені адамды басқаратын бас миы өте күрделі, әлі күнге мүмкіндіктері толық ашылып болмаған, зерттелуі ешқашан таусылмайтын мәңгілік мәселе. Осыған қарамастан оның өте бір жетілген материя екені тағы белгіленген немесе ақылдың физиологиялық сипатына меңзегенімен ол әлі толық ашылып болмаған. Ми туралы “эволюцияның бұл жоғары өнімі, бұл мүше, ақпаратты қабылдайды, өңдейді, сақтайды, іс-әрекетті бағдарлайды және оның орындалуын реттейді” дейді белгілі психолог А.Р.Лурия (Потерянный и возвращенный мир). Бұл да мидың жүйке мен рухани ішкі әлеммен байланысын аттап кетеді.

Даналық, дарын, ақыл, қабілет, талап, ырықтылық, ақымақтық, сенім, адамгершілік, бақыт іздеу, мінез-құлық кемшілігі, қателіктер, әдет-дағдылар, істің табыстылығы, құмарлық, құштарлық қызығу т.б. барлығы мидың құрылымдық ерекшелігіне байланысты, физиологиясына тәуелді деген ойдамыз. Мидың физиологиялық ерекшелігі әлі күнге толық зерттелмеген. Қабілет, сапа, қасиеттерді дұрыс пайдалану, демек бас миының осыларды басқару мүмкіндіктері адамның іс қимылының нәтижесінің көрсеткіші. Басқару дұрыс болса іс-әрекет бағыты дұрыс, олай болмаған күнде қате.

Бас миының физиологиясын зерттеген М.И.Сеченов пен И.П.Павлов оның қызметінің рефлекторлы қағидаларын анықтағаны белгілі. Олардың пайымдау бойынша, адамның өмірдегі бүкіл болмысы, іс-қимылы, жүріс-тұрысы, киім киісі, аяқ-қолының қимылы, бет әлпеті, жаңсаулары, сөйлеу әрекетіндегі тіл мен көмей, жағының икемділігі, еріндерінің қимылы, бәрі-бәрі оның психикалық ахуалынан хабар береді. Ал адамдардың жеке ерекшеліктері олардың психикасының өзгешеліктері қоршаған ортаны бас миының шағылдыру, бейнелеу ерекшелігінен туындайды.

Белгілі бір адамды көз алдына келтіргенде оның ақыл-бағалап ол туралы: “ақылды”, “ақылдырақ”, “өте ақылды”, “керемет ақылды”, не болмаса “ақымақ”, “ақылсыз”, “ақылсыздау”, “ақылы мүлде жоқ” деген сөздер ақылы жалпы іс-әрекеті, жүріс-тұрысы, мінез-құлқы, сөйлеген сөзі секілді көзкөрінеу жақтарына қарап бағаланады. Ал оның астарында ақыл деңгейін, ой жүргізу сапасын, демек ақыл қызметін, мүмкіндіктерін нақтырақ бағалауға тырысады. Бірақ та ғылымдар ақыл мен ойлау мүмкіндіктерін б.а ақыл қызметін интеллект-зерде ретінде өлшеп бағалау арқылы (Ч.Спирман, Дж.Гилфорд т.б.) арқылы әлгі “ақылдылық” пен “ақымақты” таразылауға тырысып бақты. Қалай болған күнде де олар ақыл қызметінің ерекшелігі, әр адамның бас миының физиологиялық өзгешелігі екенін, ал оның жинақталып әр адамның психикасының даралығына саятынын, мұның өзі шартсыз, көбінесе шартты рефлекстермен тығыз байланысты болатынын тағы бір рет дәлелдеуге алып келді.

Бас миының қызметін зерттей келе П.К.Анохин оның интегративті сипатын “аффертілі синтез” деп атап, оны адамның іс-қимылының мынадай: не істеу керек, қалай істеу керек, қашан істеу керек деген үш түрлі мәселені шешуіне көмектеседі дейді. Атап айтсақ бұл адамның осы сәтте, қазір, табан астында не істейтіні, қалай істейтінін- уақытын, тәсілін, меселінен (мотивінен) туындайтын мақсатын көрсетеді. Түптеп келгенде қашан, қалай істейтіні, не істейтіні-барлығы мақсатына тәуелді. Оның өзі өмір салты, (өмір сүру тәсілі немесе жолы), қоршаған әлеуметтік ортаның әсері т.б тығыз байланысты. Осы нені, қашан, қалай істеуі түптеп келгенде ақыл көрсеткіші, оның нәтижесі пайдасы, құндылығымен бағаланады.

Ақыл қызметі қаншалықты сан алуан болса оның іс-қимыл түріндегі көрініс де соншалықты көпқырлы болып ол адамның мінезі, әдеті, дағдылары, жүріс-тұрысы, сөзі, істеген ісі, жасаған заты т.б түрлерде көзге көрінеді, сол арқылы бағаланады. Ақыл мен ойды бөліп алып жеке-жеке қарастыру қиын. Әйтседе ақыл туралы айтылған көптеген

айырған”- деп ақылдың әлеуметтік қызметін, адамның адамға болағын мәмілесін және ісін бағалап айтқан; “Асыл таста, ақыл жаста” дегені түптеп келгенде адамның жасы өсумен денесінде болатын физиологиялық өзгерулермен психикасы арасындағы арақатынасқа жаңсайды десек те бұл да адамның әлеуметтік дәрежесінің (статусының) көрсеткіші. Адамдар арасындағы қарым-қатынас сипатына қатысты “ақылды ақылына салса, ақымақ жеңдім депті”, ақыл туралы тікелей айтылмаса да мәні бар “ерте оңбаған кеш оңбас, кеш оңбаған еш оңбас” деген астары күрделі, мәні тым арыда жатқан сөзді де дана халқымыз айтқан. Бұл мақалды таратудың өзі ақылға қатысты философия, психологиялық, әлеуметтану т.б. ізденістерге итермелейді. Ал адам қалай ақылды, не ақымақ болып дүниеге келеді дегеннің кейбір дәлелдері болғанымен ол да толық дәріптеліп болған жоқ.

Абай (Ибраһим) Құнанбаев мұрасында осылардың барлығы тоғыса, астарласа қамтылған десек жаңылмаймыз. Енді соларды ретімен таратып көрелік. Кезінде М.Әуезов айтқандай Абайды танып-білуді ретімен, жыл-жылымен, өсіп жетілуіне байланысты қарастырған жөн деген оймен оның ақыл туралы пікірлерін олеңдерінің жазылу ретімен талдап көрелік. Ақыл табу дегенді ақынның өз пікіріне сүйеніп талдасақ- білім жинау, өмірді өткізіп алмай әр нәсені дер кезінде меңгеру де ақылдың ісі екеніне көз жеткіземіз.

Ақын “Бір дәурен кемді күнге - боз балалық” деген өлеңінде жастарға екі түрлі кеңес береді: біріншісі, ақыл тапсақ қуаналық; екіншісі, мал тапсақ қуаналық. Ақыл табу-дегенді ақынның өз пікіріне сүйеніп талдасақ-білім жинау, ғылым іздеу, өнер іздеу және үйрену, еңбекке құлшыныс, болашақты ойлау, ойын-сауықпен өмірді өткізіп алмау, құмарлыққа салынбай, жастайынан пайымшыл болу деп ұғынсақ болады.

Абай, ақылды адамның ой-санасы мен парасаттылығының өлшеуші таразысы, уәзіні ретінде “ақыл мизан өлшеу қыл...” дегені ақылы бар мөлшерлей алады, алды-артын болжайды, ісінің нәтижесін алдын-ала тексере алады дегенге саяды. Ал “...ақыл жоқ, қайғы жоқ онда, ісі жоқ теріс пе оң ба”-өзі айтып тұрғандай халқымыздың “Қайғысыз, кара суға семірген”-дегенінің дәл өзі емес пе екен? Дәл солай! Адамдар ешнәрсенің байыбына бармайды, келер, кетер пайда зиянын тек өз басы тұрғысынан ғана ойлайды. Сол себепті болса керек “ақылды көпті ойлайды” немесе “көптің жайын ойлаған ақылды” дегені. Абай өзі айтқан “атаның баласы болма, адамның баласы бол”-деп. Осының өзін-ақ күнделікті өмірде басшылыққа алуға болады. Осы тұрғыдағы ақынның “ақыл сенбей, енбеңіз, бір іске кез келсеңіз...” деген өлең тармақтары да ақылдың басшылық қызметін көрсетіп тұрған жоқ па?

Ақыл психологиясының философиядан, педагогикадан бір ерекшелігі – екі не бір неше ұғымдар мен түсініктер, іс-әрекет пен мінез-құлық не жүріс-тұрыс, іс-қимыл т.б. арасындағы, әдетте психологиядан хабары болмаған адамға байқала бермейтін, тіпті кейде “дәл сондай не соған ұқсас” болып көрінетін құбылыстар арасындағы өте нәзік айырмашылықтарды көруге мүмкіндік береді. Мысалы, алғашқы тармақтағы ақылдың басшылық қызметі мен кейінгінің арасында адам болмысына жаңсайтын сондай нәзік айырмашылық бар. Ақыл туралы В.И.Ленин «Ақылды адам-дегеніміз қателеспейтін адам емес. Ондай адамдар жоқ, болуы да мүмкін емес. Ақылды адам дегеніміз пәлендей мәнді емес қателер жіберіп, ол қателерді оңай, тез түзете білетін адам»-деген /5/.

Абай пайымдауында ақыл кейбіреулерде болмайды, жоқ, ол қонбайтын, ақылсыз-томырық, адамдар болады. Оларды ақылы тапшы, артын байқай алмайды, надан, ары тапшы, ақылдан бойы кашық, ақылы кенде, олар жігерсіз, ырықсыз, салғырт, немқұрайды, әрекетсіз келеді дейді. Осылардың әр қайсысына психологиялық сипаттаулар беретін болсақ жеке адамның мінез-құлқы, жан дүние ерекшеліктері келіп шығады. Ондайлар да ақын өлеңдерінен табылып қалады. Мысалы. “интернатта оқып

былай көрсетеді “арсыз, малсыз, шаруасыз...оған ақыл-арам, без...ақылы жоқ, қайғы жоқ онда ісі жоқ, теріс пе оң ба?” – деп тұрған ісінің салдарын, өзіне, басқаларға келтіретін пайда зиянын ойлай алмайтын адамды көреміз.

Абайдың ақыл туралы пікірінен оның психолог –ғалым болмаса да оймен жеткен тұсынан ақылға симайтын, одан артық немесе ақылмен жетіп болмайтын нәрселер бар екенін айтуынан-ақ көреміз. Қаншалықты техника дамып, адамның қиялы шарықтап, не бір “ақылға симайтын заттар жасап жатса да” әлі, мүмкін мүлде, адамның ақылы жетпейтін әлемнің жұмбағы жетерлік. Соның бірі әмбе ең күрделісі, нағыз жұмбақтысы адамның өзі. Осы жұмбақтың ең үлкені заман өзгерсе де, уақыт өтсе де адам болмысының еш өзгермеуінде. Ия, ішетін ас, киетін киім, қолданатын бұйымдар, тұрмыс салты мен күн корісі, еңбек ету тәсілі т.б. көптеген сыртқы заттық орта өзгерді. Білім мазмұны, ғылым сипаты жаңарды бірақ адам болмысы жаңарған жоқ. Ал адам сол қалпында. Дәлелім мынау- арсыздық бар ма? Бар. Зорлық-зомбылық бар ма? Бар. Ұрлық бар ма? Бар. Біреуді қорлау, жәбірлеу, зорлық көрсету, құл ғып иеленіп алу, намысына тию, басыну...тізе берсе көп. Осылар ақын заманында(одан бұрынғысын айтпай-ақ қоялықшы) болып па еді? Болған содан барып ақын назаланып, қайткенде осыны түзетуге болады? Деп жауап іздеген. Ақыры адам болмысының өзгермейтінін білген соң “түзетпек ем заманды...өзімді сонша зор тұтып...” деді емес пе? Кейінгі кездерде “Абай қазақты ылғи да жамандапты...Тек жаман жағын ғана айтыпты”- дегендерді басқа ұлт өкілдерінен есітіп қаламыз. Олар, “Сонда қазақтар сондай жаман болған ба” дейді. Біріншіден, қазақтардың бәрі жаман болмаған. Ел боған соң жақсы да бар, жаман да бар. Әлгі уәж айтып жүргендерде ондайлар жоқ па екен?

Енді алғашқы пікірімізге оралайық. Бұл пікіріме қарсы келетіндер маған “неге адамдардың қазіргі білімін қайда қоямыз?” дер. Дұрыс. Кітаптан оқып үйренетін білім қазір елдің барлығына тән. Көп оқыған ақылды болады деп кім айтыпты? Көп білгендік Ақыл белгісі емес деді ғой... ғұлама. Одан соң. Қазіргі заман қулары мен сұмдары Абай заманынан неше есе асып түседі. Өйткені олар кітаптан оқыған көптеген айла, тәсілдері бар, және не нәрсені істесе де “ғылыми” жақтан жақсылап пайымдап алып істейді. Сондықтан одан соң қайта қалыпқа келу мүмкін емес. Сол себепті болса керек ұлы түрік ғұламасы әл-Фараби мен Ж.Баласғұни – ғылым залымның қолына түссе адамзатына жақсылық әкелмейді-дегені. Сондықтан Абай ақыл мен білімді жеке, бөліп қарастырады, “ақыл мен білімнен” басқа қол емес, немесе “қайрат пен ақыл жол табар қашқанға да қуғанға” - деп адамның осы екі қабілетінің қатар келгенін жоғары бағалағанымен “ондай адам тумай-ақ қойсын” - дегенді астарлап “алдыңғы екеу соңғысыз біте қалса қазаққа, алдың жалын, артың мұз барар едің қай жаққа” дейді. Ол ақылды бекерінен мұзға теңемесе керек, “әуелде бір суық мұз ақыл зерек”- “зерек”-сөзі қазақ тіліне иран, арабтан келген - зейінді, алғыр, ұшқыр ойлы, пайымшыл, пайданы жылдам аңғарғыш дегенді білдіреді. Кім сондай ақыл иесі болса, сол көп ұтады. Себебі ондай адам көп нәрсеге қол жеткізеді, себебі ол өзі көздеген жеріне кез келген жолмен жетеді, бара алады (Жалғасы бар).

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Шәкәрім. Олендер мен поэмалар. Алматы, 1988.
2. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық жинағы. А., 2005.
3. Краткий психологический словарь. А., 1999.
4. Педагогикалық энциклопедия. А., 1999.
5. Ленин В.И. Шығ.толық жин. 41 том, Алматы, 1981, 19-20 б.б.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Абайдың ақыл-ой іс-әрекеті туралы көзқарастарына психологиялық талдау жасалады, оның психолог-ғалым болмаса да оймен жеткен тұсынан ақылға

смайтын, одан артық немесе ақылмен жетіп болмайтын нәрселер бар екені туралы сөз қозғайды.

РЕЗЮМЕ

В статье анализируются взгляды Абая на мыслительную деятельность человека с точки зрения психологии.

ПСИХОЛОГО-ПОЭТИЧЕСКОЕ НАСЛЕДИЕ МЫСЛИТЕЛЕЙ IX-XII вв. И ЕГО РОЛЬ В ФОРМИРОВАНИИ МЕНТАЛИТЕТА КАЗАХСКОГО НАРОДА

Чистов В.В. (г.Алматы, КазГосЖенПИ)

Поэзия - одна из сторон психологического осмысления бытия человека и яркое воплощение идеалов народа, выражения его социальных взаимоотношений в творчестве посредством художественных образов. Это наиболее доступный путь формирования общественного мнения и нравственных норм общества, способствующих воспитанию и совершенствованию человека. Постигая опыт героев поэтических произведений, оказывающих большое эмоциональное воздействие на слушателей, человек подсознательно усваивает определённые стереотипы поведения, и, осмысляя их, даёт им сознательную оценку, что является определённым этапом в становлении мировоззрения и особенно действенно и активно в подростковом возрасте.

Для народов Средней Азии и Казахстана ведущим литературным жанром всегда являлась поэзия, обладающая большой выразительностью и силой слова, способной формировать те или иные психологические установки через лирические интонации, способствующие созданию желаемого эмоционального настроения слушателей. Коммуникабельность, словоохотливость и поэтический талант самовыражения через красноречие является одной из самобытных этнических черт народов всего Востока. Имена средневековых поэтов вошли в сокровищницу мировой культуры благодаря их тонкому подходу к актуальным жизненным проблемам и глубокому психологическому осмыслению их. Почти каждое поэтическое произведение даёт не только реальные и эмоционально насыщенные примеры человеческих взаимоотношений, но и даёт определённые наставления, назидания в полном соответствии с многовековыми этническими обычаями и традициями восточных народов.

Пытаясь осмыслить мир и познать психологическую сущность духовной сути человека, они искали новые пути его развития в качественно новом социуме зарождающегося феодализма, видя его благополучие в формировании добропорядочных межличностных взаимоотношениях, воспитании нравственных добродетелей посредством общения, неуклонно следуя заветам отцов и дедов предшествующих поколений. Они наглядно показывали к чему приводят безнравственные поступки людей, заставляя их задумываться над осмыслением своего бытия. Сопоставительный перевод и психологический анализ поэтического наследия Востока даёт возможность обобщения прогрессивных идей поэтов-мыслителей, заложивших базисные основы зарождения и формирования самобытных психологических установок, приемлемых в мусульманском обществе.

Обращаясь к прошлому сегодня, мы по крупице восстанавливаем не только структуру творческого поиска поэтов-мыслителей, но и имеем возможность установить их влияние на развитие научного познания в целом, выявляя ход его постепенного развития. Обращаясь к этническим истокам и своеобразию деятельности отдельных

поэтов-мыслителей, мы пытаемся дать оценку их вклада в формирование менталитета нации и выявить пути дифференциации восточных народов в различные нации, что представляет существенный интерес для определения этапов истории развития мировой науки и культуры многих народов Средней Азии и Казахстана. Это весьма актуально и значимо в период демократизации общества и обретения народом своей независимости и суверенитета.

Как справедливо заметил Л.С.Выготский в свете культурно-исторической концепции «мы должны рассматривать себя в связи и в отношении с прежним; ибо даже отрицая его, мы опираемся на него» /1, с.428./. Обращение к богатому наследию арабоязычных поэтов средневекового Востока позволяет понять истоки возникновения и бурного развития психологической мысли народов Центральной Азии, происходившего в период становления феодальных отношений на Востоке, расцвета торговли и науки. В исследованиях узбекского академика М.М.Хайруллаева отмечается, что средневековый Восток, - это своеобразная «эпоха Ренессанса», которая на много веков существенно опередила западный и определённым образом повлияла на его становление. По мнению Дж.Бернала в этот период «мусульманский мир переживал период блистательного расцвета» /2, с.161./ и дал миру множество талантливейших ученых, поэтов и мыслителей, способствовавших прогрессивному развитию средневекового общества.

Советские исследователи И.М.Фильштинский и Б.Я.Шидфар отмечали, что «несмотря на существенные различия в уровне общественной жизни, национальных традициях и исторической судьбе, в результате сложного и длительного процесса взаимовлияния, а в конечном итоге, синтеза культур, втянутых в орбиту ислама народов, создаётся единая, общая для ряда народов мусульманская культура, определившая на многие века их мировоззрение, традиции, жизненный уклад, нравственные нормы и идеалы, психологию, общественные учреждения и модель поведения» /3, с.9/.

По мнению академика Б.Исатова «многокрасочное изображение идеальных образов, яркое воплощение душевных волнений, точное словесное зафиксирование глубоких чувств и страстей человеческой души имеет значение для адекватного объяснения не только значения религии, мистической любви, но и вообще сферы подсознательного, особенно в области реальных любовных чувств и других явлений человеческой психики» /4, с.129/.

Осылайша әлеуметтік-психологиялық ахуал тұлғааралық қатынастардың сапалы қыры ретінде топтағы тұлғаның дамуына және өнімді іс-әрекет теуіне түрткі болатын немесе кедергі келтіретін психологиялық жағдайлардың жиынтығы ретінде анықталады.

Нақты ұжымның әлеуметтік-психологиялық ахуалын айқындау үшін ұжымдағы басым кйді белгілі бір эталондармен сипаттау және салыстыру қажет, сондай-ақ оның қызмет теу сапасын да бағалау қажет.

Б.Д.Парыгин ұжымның әлеуметтік-психологиялық ахуалын айқындаудың негізгі екі түрін көрсетеді:

- 1) фундаменталды зерттеудің шеңберінде;
- 2) жедел тексеру негізінде.

Айқындауда топтың ауызбіршілігі, еңбекпен қанағаттануы, әлеуметтік дамудың талаптарына деген сәйкестігі, әлеуметтік-психологиялық ахуалдың мүмкіндігі сияқты көрсеткіштер талданады.

Топтық ауызбіршіліктің көрсеткіштері ретінде топтық ауызбіршіліктің индексі, коммуникативті байланыстардың жиілігі және беріктігі, келісім және құндылыққа бағдарланған бірлік анықталады.

Топтық ауызбіршілік индексі социометриялық зерттеуде анықталады және озара жағымды таңдаулардың жалпы санының ықтималды таңдаулардың санына қатынасы ретінде есептеледі.

Коммуникативті байланыстардың жиілігі мен бірлігін ауызбіршілікті зертеудің негізіне жатқызған Л.Фестингер болды. Ол ауызбіршілікті топ мүшелерін топта сақтап қалу үшін оларға әрекет ететін барлық күштердің жиынтығы ретінде анықтаған. Ондай күштер индивид үшін топтың тартымдылығы ретінде, не болмаса ондағы мүшелікке қанағаттану ретінде талқыланды.

Келісімді ауызбіршіліктің өлшемі ретінде Т.Ньюк ұсынады. Ол топ мүшелерінің жеке-дара индивидтердің және тұтастай топтың эмоциялы реакцияларымен реттелетін олар үшін қайсібір маңызды құндылықтарға қатысты ұқсас бағдарларының пайда болу қажеттігіне нұсқайды.

Құндылыққа бағдарланған бірлік – топ мүшелерінің тұтастай топ үшін едәуір маңызды құндылықтарға және іс-әрекеттің мақсаттарына қатысты ұстанымдары мен бағаларының сәйкес келу дәрежесін еменке алатын бірауыздылығының негізгі көрсеткіштерінің бірі болып табылады.

Қанағаттану әлеуметтік-психологиялық ахуалдың жағдайын анықтаудағы шектеулі өлшем. Адамның өзінің мәртебесіне немесе ұжымдағы адамдармен қатынастарына қанағаттану сезімінің оның топтағы шынайы жағдайына сәйкес келмеуі де мүмкін.

Б.Д.Парыгин әлеуметтік-психологиялық ахуалды айқындаудың өлшемі ретінде тұлғаның ұжымдағы бағыттылығына және қажеттіліктеріне баса назар аударып, оның *әлеуметтік дамудың талаптарына сәйкестігін* ұсынды. Әлеуметтік-психологиялық ахуалдың әлеуметтік дамудың талаптарына неғұрлым жоғары сәйкестігі адамдардың іс-әрекетке жоғары дәрежеде енуін қамтамасыз етеді. Ол өз кезегінде іс-әрекеттің әлеуметтік және экономикалық тиімділігінің шартына айналады.

Осыған байланысты Парыгин ұжымның әлеуметтік-психологиялық ахуалдың мүмкіндігі іспетес ұғымды ұсынады.

Әлеуметтік-психологиялық ахуалдың мүмкіндігі іс-әрекеттің қолданылған мүмкіндіктерін жүзеге асырудың күйі мен деңгейін сипаттайды.

Әлеуметтік-психологиялық мүмкіндіктердің деңгейін және ұжым мүшелерінің талаптануларын сипаттайтын алты мүмкіндік бар:

1. *Таңдау мүмкіндігі.* Объективті мүмкіндіктердің аумағына, сондай-ақ ұжым мүшелерінің орындайтын іс-әрекеттерінің тәсілін таңдауға қатысты субъективті талаптануларына байланысты. Тұлға қарама-қарсылықтарды сана сезіммен өз-өзіне қатынасына қарай таңдайды.

Таңдау мүмкіндігінің әлеуметтік-психологиялық ахуалдың көрсеткіші ретінде екі жақты көрінісі болуы мүмкін:

а) ұжымның ішіндегі мүмкіндіктердің және таңдауға субъективті бейімділіктің аумағы неғұрлым жоғары және кең болса, тұлғаның, сондай-ақ тұтастай ұжымның шығармашылық белсенділігінің, іс-әрекетке психологиялық енуінің, демек оның тиімділігінің деңгейі де соғұрлым жоғары болады.

б) тұлғаның таңдауға бейімдігі мен нақ сол ұжымда жүзеге асыру

в) таңдаудың объективті мүмкіндіктері мен тұлғаның шешімдерді қабылдауға бейімсіздігінің арасында да келіспеушілік тууы мүмкін.

Соңғы екі жағдайда таңдау мүмкіндігінің факторы ұжымның әлеуметтік-психологиялық ахуалда және, іс-әрекетінің тиімділігінде көрініс беруі мүмкін.

2. *Жаңарту мүмкіндігі.* Топ мүшелерінің заттық, әрі коммуникативті іс-әрекеттің шеңберінде болуы мүмкін өзгерістердің ырғақтары мен көлеміне қатысты объективті мүмкіндіктерінің, сондай-ақ субъективті талаптануларының аумағын сипаттайды.

3. *Мойындау мүмкіндігі.* Индивидті қолдауға бағытталған ұжым ішілік іс-әрекеттің объективті жағдайларды, әрі оның өз іс-әрекетін ұжымның жағымды бағалауының қайсібір деңгейіне деген субъективті талаптануларын да сипаттайды.

4. *Өз-өзін анықтау мүмкіндігі.* Адамның өмір барысында қалыптасқан бейімдіктерінің барлық ерекшеліктерін көрсету ұмтылысымен сипатталады.

5. *Психологиялық қысым мүмкіндігі.* Жұмысшыдан оның күнделікті іс-әрекеті талап ететін психикалық қысымның деңгейімен және аумағымен сипатталады.

6. *Нақтылық мүмкіндігі.* Жұмыстың сипаты және басшылықтың ұжымның мүшелеріне ұсынатын талаптардың нақтылығының дәрежесі.

Әлеуметтік-психологиялық ахуал оған жағымды немесе теріс ықпал ететін факторларға байланысты болады. Ондай факторлар сыртқы және ішкі деп екіге бөлінеді.

Сыртқы факторлар ұйымнан тыс жүріп жатқан жағдайлардан туындайды. Оларға жанұядағы қиындықтар, мекеннің әлеуметтік қиындықтары, залалдар және т.б. жатады.

Ахуалды қалыптастыратын *ішкі факторлар*:

1. Адамдардың көңіл-күйлеріне, мінез құлықтарына, олардың өзара қатынастарына ықпал ететін *басқару стилі*. Стилмен қанағаттану дәрежесі және оның сотивациялық салдары жұмысқа деген қатынасты қалыптастырады.

2. *Еңбек үрдісінің реттелгендігі.* Мұнда адам еңбектенген, субъективті бағаланатын ұйымдастырушы-басқарушы материалды-техникалық жағдайлар сөз етілуде. Қызметкерлердің істің ұйымдастырылуымен қанағаттанбауы әлеуметтік-психологиялық ахуалға теріс әсер етеді.

3. *Қызметкерлердің жеке-дара қасиеттері* арқылы еңбек іс-әрекетінің және адамның жеке өмірінің барлық жағдайлары жүреді. Дауласуға бейім, басқалардың көзқарастарына ныдамсыз, өздерін жоғары бағалайтын, мінез-құлқының мәдениеті төмен адамдар әлеуметтік-психологиялық ахуалдың төмендеуінің кепілі болып табылады.

4. *Корпоративті (топтық) мәдениет* топтық сананың факторы бола тұра, ортақ құндылық ретінде ұжымдағы нақты тұлғааралық қатынастарды бекітеді. Топтық сана сезім қуатты болса, ортақ құндылыққа қол сұғатын адамдар қудаланады, яғни әлеуметтік-психологиялық ахуал бұзылыстардан сақтанады.

5. Бұл фактормен тұлғаға *топтық қысым* көрсету сияқты құбылыс үйлеседі. XX жж. С.Аш топ қысымының индивидке әсерін зерттейді. Топтың қысымына мойынсыну бейімдігі *конформдылық* деп аталады.

6. Адамдардың әлеуметтік психофизиологиялық қасиеттеріне қарай өзара әрекеттесу қабілетін білдіретін топтарда *психологиялық сыйымдылығы және бірігіп жұмыс жасауы*. Психологиялық сыйымдылық жеке-дара қасиеттердің жиынтығымен, ал ал бірігіп жұмыс жасау жұмыстың стиліне байланысты болады. Өзара әрекеттестіктегі қиындықтар әрбір адамның және тұтастай топтың жалпы ахуалында көрініс береді.

7. Ұжымдағы *әйелдер мен еркектердің өзарақатынасы* да кей жағдайларда ахуалға ықпал етуі мүмкін. Психологтар мүмкіндігінше жыныстық құрамы бойынша аралас ұжымдарды ұсынады. Әйелдердің ұжымы еркектерден құралған ұжымға караганда әлеуметтік-психологиялық ахуалдың ауытқуларына неғұрлым бейім келеді.

8. *Алғашқы ұжымның көлемі*. Психологтар 10-20 адамнан құралған орташа ұжымды неғұрлым жағымды деп есептейді. Үлкен алғашқы ұжымдар (25 адамнан көп) жеке топшаларға ыдырауы мүмкін. Ал кіші топтарда таңдаудың шектеулілігінен психологиялық сыйымды адамдардың топшалануын қиындатады.

9. *Ұжымның жас ерекшелік құрылымы*. Ұжымның неғұрлым тұрақты болуы үшін оны жас ерекшеліктері бойынша әркілы қызметкерлерден құраған орынды екенін тәжірибе корсетуде. Зерттеулер 40 % тәжірибелі қызметкерлермен 60 % жас мамандардың бірігіп еңбектенуі ұжымның едәуір тұрақты болатынын корсетті. Жасты адамдардан құралған ұжымға оз жасының қызығушылықтарына түйықталу бетбұрысы тән.

10. Ұжымның қызмет еткен мүшелерінің *физикалық қашықтығы* маңыздыфакторлардың бірі болып табылды. Жақын жұмыс жасаған адм көбінде алыс жұмыс істегендерге караганда жақсы дос ретінде қабылданады.

11. Бөлмеде *агрессияға итермелейтін заттардың* кездесуі де маңызды. Агрессиямен ассоциацияланатын карапайым заттың катысуы агрессивті мінез-құлықты үдететіні анықталған.

Сонымен адамдардың кооперациясындағы объектілер, әрекеттер және ақпарат ортақ бір қуатқа бірігетін болса, әлеуметтік-психологиялық ахуалды неғұрлым тиімді басқаруға болатыны анық.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются основные принципы социально-психологического климата коллектива.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада ұйымның әлеуметтік-психологиялық ахуалы жөніндегі материалдар баяндалған.

«ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ» ПӘНІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ТРАНСПЕРСОНАЛДЫ ПСИХОЛОГИЯНЫҢ ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ
КӨЗҚАРАСТАРЫ


Абеуова И.А. (Алматы қ., ҚазМемҚызПІИ)

Руханилық ұғымы қазіргі кездегі білім тұрғысынан құпия да емес, тек бейнелі түсінік те емес. Оның құрамына өмірдің мәні, ар-ұят, жоғары адамгершілік құндылықтар мен сезімдер, жоғары қызығушылықтар, идеялар, сенімдер кіреді. Демек руханилықты, басқа да психикалық құбылыстар сияқты психологиялық әдістердің көмегімен зерттеуге болады. Бәлкім, руханилық – болмыстың психикалық бейнелеуінің ерекше формасы деуге негіз бар шығар. Шындығында бұл форманың энергетикадан басқа тікелей физиологиялық корреляттары жоқ.

Трансперсоналды психология, адамды неғұрлым кең мағынада, санадан тыс психика деңгейінде бүкіл адамзат және бүкіл Ғаламмен байланысатын, жалпы ғаламдық ғарыштық ақпарат, адамзат ақпаратын (ұжымдық бейсаналық) алуға мүмкіндігі бар ғарыштық пенде деп қарастырады.

Трансперсоналды психология 60-жылдардың аяғына дейін дербес пән ретінде қалыптаспаса да, психологияда трансперсоналды ағымдар ондаған жылдар бойы өмір сүрген. Трансперсоналды ағымдардың негізін салушылар ретінде К.Юнг, Р.Ассаджиоли, А.Маслоуды атауға болады, өйткені адам дамуында, олардың ұжымдық бейсаналық, «жоғарғы МЕН», адамдардың бір-біріне санасыз түрде әсер етуі, «шыңына жеткен күйзелістердің» ролі туралы идеялары трансперсоналды психологияның дамуына негіз болды.

Тағы да бір қызықты және маңызды жүйе – психосинтезді – Италия психиатры Р.Ассаджиоли құрастырды. Оның тұжырымдық негіздері, адам өзінің әлі көрінбеген потенциалын өзектей отырып, әрдайым даму үстінде болады - деген болжамға негізделген. Ассаджиоли бойынша жеке тұлғаның құрылымы өте күрделі және жеті динамикалық (козғалмалы) құрылымнан тұрады (1-сурет). Төменгі санасыз деңгей базалық психикалық белсенділіктер, қарапайым инстинктивті қажеттіліктермен және эмоциялық кешендерді басқарады. Орталық санасыз деңгей тәжірибені жиынтықтайды, жалпы түрде ол Фрейдтің санадан төменгісіне сәйкес келеді. Санадан жоғары сферасы - жоғары сезімдер мен интуиция және шабыт сияқты қабілеттердің орналасқан жері.



ұжымдық бейсаналық

1-сурет. Ішкі әлемнің картасы (Ассаджиоли бойынша).

а) 1-төменгі бейсаналық (бастырылған тілектер, кешендер, инстинктілер, әлдеқашан ұмытылған естеліктер); 2- орталық бейсаналық – сана өрісіне ерікті түрде ауыстырылатын, біздің барлық психологиялық дағдыларымыз бен күйлеріміздің жататын аймағы; 3-жоғары бейсаналық – адамның эволюциялық болашағы, даму

пронесінде қол жеткізе алатын жоғары парапсихологиялық қабілеттері, интуиция шығармашылық шабыт, экстаз, руханилық; 4 сана өрісі – саналы талданатын түйсіктер, бейнелер, ойлар, сезімдер, тілектердің үздіксіз ағымы; 5-саналы тұлғалық «МЕН» - тұлғаның, сананың орталығы, бірақ ол адам ұйықтағанда, наркоз алғанда жоғалып кетеді; 6-жоғарғы тұлғалықтан жоғары шынайы «МЕН» (немесе «Менікі») ойлар ағымынан және дене күйлерінен жоғары тұрып, олардың әсеріне бағынбайды; ал тұлғалық, саналы «МЕН» - «жоғарғы МЕНінін» бейнеленуі және тұлға өрісіне оның проекциясы; 7- «ұжымдық бейсаналық (Юнг бойынша – ұжымдық бейсаналық - әрбір жеке толқынның алғы шарты теңіз сияқты, ол әрбір дербес психиканың алғы шарты)». Адамның басқа адамдармен арасында үнемі «психикалық енулер» процесі өтін отырады); 8- ерік; еріктің көмегімен «Мен» өзінің психикалық қызметтерін басқара алады; 9-түйсіктер; 10-эмоция – сезімдер; 11-импульс – тілектер; 12-қиял; 13-ойлау; 14-интуиция; 15-жоғары тұлғалар (субличности) – тұлғаның жалпы кеңістігінде бірлесіп өмір сүретін, тірі пенделерге ұқсас, психологиялық құрылымдар. Әрбір жоғары тұлғада өзінің өмір сүру қалпы, өзінің қозғаушы күштері, мотивтері, ойлары, сезімдері, қылықтары, әлемнің өзіндік үлгісі болады;

ә) бос донгелектер сананың мазмұнын көрсетеді; сезімдер, түйсіктер, идеялар, және т.б. Нүкте «Менді» көрсетеді, ол бір күнде еріксіз өзін бір нәрсемен тепе-теңдестіруден екіншісіне көшіп отырады: «Мен ашулымын», «Мен бақыттымын», «Мен шарнадым»;

б) «Мен» сананың кез келген мазмұнымен тепе-теңдестіріле алады, бірақ кез келгенімен теңсіздендіріле де алады. Өзін «Мен» ретінде сезініп, адам таңдау еркіне ие болады.

Сана өрісі талданылатын сезімдер, ойлар, түрткілерді іске қосады. Анық саналы ұғыну нүктесі туралы саналы өзіндік деп айтылады, ал жоғары саналы өзіндік, ол – даралықтың сана, ақыл және тәннен бөлек өмір сүретін аспектісі. Осы элементтердің бәрі дерлік ұжымдық бейсаналыққа кіреді.

Ассаджиолидің психосинтезінің маңызды элементі жоғары тұлғалар ұғымы - салыстырмалы түрде тәуелсіздікке ие, динамикалық құрылымшалар ұғымы, әдеттегі жоғары тұлғалар - біздің өмірде ойнайтын ролдерімізбен, мысалы ұл, әке, сүйгенің; дәрігер, мұғалім немесе қызметші ролдерімен байланысты. Әрбір жоғары тұлға біртұтас тұлғаның қандай-да бір тілегінің негізінде құрылады. Әрбір адамда басқа адамдардың жоғары тұлғаларына ерекше жоғары тұлғалардың үлкен жиынтығы болады. Талдап, әрбір жоғары тұлғаны бөліп алып, оның әрқайсысына «өз есімін» беруге болады, олардың кейбіреулері лақап атқа ұқсас келеді. Авантюрист, Байсалды, Қорғансыз сәби, Білгіш, Жалғыз жүрек, «Адамдар не ойлар екен», Сыншы, Бүлікшіл және т.б. Бұл жоғары тұлғалар ойнайтын ойындар, адамның ішкі дауысы, егер адам оларды сезінбесе немесе өз ішіндегі (конфликтілі) шиеленіскен жақтарды татуластыруға шара қолданбаса, деструктивті болады. Өзін-өзі бақылаудың мақсатының бірі - өзінің орталығын, өз «Менінің» мәнін көбірек түсіну, оны күшейтіп, жоғары тұлғалар арасындағы конфликтіні шешуге қабілетті болуға жеткізу. Сіздің «Меніңіз» қайсібір жоғары тұлғаларыңызды қуып немесе көзге ілмей қоймайтынына сенімді болыңыз, өйткені олардың әрбірі шын мағынада біртұтас тұлғаның қажеттіліктерін бейнелейді, әрбір жоғары тұлға, бұл сіздің бір бөлігіңіз және сізге қажетті бір қызметті атқарады. Біз әлем мен өзімізді қабылдағанда, өзімізді қандай да бір жоғары тұлғамен тепе-теңдестіреміз. Жоғары тұлғалар көп және де олар бірін-бірі ауыстыра алады. Мәселен айыптаушы лезде айыпталынушыға айналады және керісінше, әдетте, бұл саналы түсінілмейтін процесс. Ал бірақ адам өзінің жоғары тұлғаларын, олардың дауыстарын ұғынуды үйрене бастағанда, ол шындығында өзін

кезеңді қамтиды: бірінші кезеңінде емделуші өз тұлғасының түрлі құрылымдары туралы біледі. Бұдан кейінгі қадам өзін осы элементтер - жоғары тұлғалармен тепе-теңдестіруден бас тарту - және де оларды бақылауға қабілеттілікті иелену болады. Емделуші бірте-бірте өзін біріктіретін психологиялық орталығын аша бастағаннан кейін, психосинтезге жетіп барлық өзіндіктерін жаңа орталық тоңірегіне жиынтықтауға қол жеткізе алады. Кейбір жоғары тұлғалар (қиялдау жаттығулары кезінде абстрактілі интрапсихикалық құрылымдар түрін қабылдауы мүмкін) өзін-өзі зерттеу барысында, ребефинг, дем алу бақылау және музыкалық әдістемені қолданумен шынайы көне, филогенетикалық, нәсілдік және реинкарнациялық матрицаларды бейнелейді немесе басқа адамдар, жануарлар және т.б. санасына ену тәжірибесін көрсетеді. Сонымен, даралық психика адами, жануарлық немесе табиғи символдық формаларды бір-біріне жеңіл айналдыра алу ғана емес, тіпті, сірә, ол бүкіл феноменді әлем - оның қазіргісі, болашағы және өткені туралы голографиялы жазылған ақпаратын алуға да қабілетті.

Юнг идеялары бұрынырақ қарастырылған, тек қана ұжымдық бейсаналық күшті ақпаратты өріс түрінде болып, соның арқасында әрбір адам санадан тыс түрде бүкіл адамзатпен (бұрын өмір сүрген, қазіргі және болашақ ұрпақпен), бүкіл Ғаламмен байланысты екенін ескерте кетейік.

Трансперсоналды психологияға маңызды үлес қосқан Абрахам Маслоу (гуманистік психологияның дамуына оның қосқан үлесі туралы айтылып кеткен), ол спонтанды құпиялы немесе өзі атағандай «шыңына жеткен күйзелістері» бар адамдардың дағдысын зерттеген. Дәстүрлі психиатрияда кез келген құпиясы бар дағды күрделі психопатология ретінде қарастырылады. Өз зерттеуінде Маслоу спонтанды «шыңына жеткен күйзелістер» көбінесе оны басынан кешіргендер үшін аса пайдалы болғанын, кейінірек олар «өзін-өзі іске асыруға» немесе «өзіндік кемелденуге» деген айқын бетбұрысты танытқанын көрсетеді. Ол осындай дағды, нормадан томен немесе одан тыс емес, одан жоғары категориясына жатады деп болжамдады, сонымен осындай алғы шарттан бастау алатын психологияның негізін салды. Маслоу еңбектерінің екінші бір маңызды аспектісі адами қажеттіліктерді талдау және инстинктер теориясын қайта қарауы. Оның ойынша, жоғары қажеттіліктер адам тұлғасының маңызды аспектісі болады, оларды томенгі инстинктерден туынды ретінде қарастыруға болмайды. Оның пікірінше, жоғары қажеттіліктер адамның психикалық денсаулығы мен аурудың дамуында маңызды рөл атқарады. Жоғары құндылықтар (метақұндылықтар) және соларға ұмтылу (метамотивация) адам табиғатына сай; осы деректі мойындау кез келген адам тұлғасының теориясы үшін мүлдем қажет. Өмір мәнін түсінуде, өзін-өзі іске асыруда және өзін кемелдендіруде, руханилықтағы жоғары қажеттіліктер адамның табиғатына сай; тек әлеуметтік және даралық өмірдің жағымсыз факторлары адам жанының осы жоғары қажеттіліктерін біршама уақытқа тұншықтырып немесе артқы жоспарға шегерін тастайды.

Сонымен трансперсоналды психологияның шынайы ерекшелігі рухани мен ғарыштық олшемдердің мәнділігі және сананың эволюциялық мүмкіндіктері мойындалатын адам жанының үлгісі (моделі) болып табылады.

Түгелдей дерлік трансперсоналды дүниетанымдарда төмендегідей негізгі деңгейлер бөлініп қарастырылады: 1) жансыз материяның, энергияның физикалық деңгейі; 2) тірі, сезінетін материяның/энергияның биологиялық деңгейі; 3) ақыл-ойдың, ЭГО-ның, логиканың психологиялық деңгейі; 4) парапсихологиялық және архетиптік құбылыстардың жүкаланған деңгейі; 5) мінсіз трансценденциямен сипатталатын себептілік деңгейі; 6) абсолютті сана. Ғалам осы өзара байланысқан, бір-біріне кіріктірілетін әлемдердің жиынтықты және бірлескен жүйесін құрады, сондықтан да белгілі жағдайларда адам өзінің ғарыштық жүйемен пара-парлығын қайта орнына келтіріп және саналы түрде оның өмір сүруінің кез келген аспектісін басынан өткере

алады (телепатия, психодиагностика, арақашықтықта коре білу, болашақты коре білу және т.с.с.)

Адамды түсінудегі трансперсоналды тұрғының эмпирикалық дәлелдерін Станислав Грофтың көпжылдық зерттеулері ұсынды. Ол адам санасының аумағында анық шектеулер мен шектелінулер жоқ екендігін дәлелдеді, дегенмен біздің әдеттегі санамыздың тәжірибесінің шегінен асып жатқан психиканың төрт саласын бөліп қарастырудың пайдасы бар: 1) сенсорлық барьер; 2) даралық бейсаналық; 3) туу мен өлудің деңгейі (перинаталды матрицалар); 4) трансперсоналды аймақ.

С.Грофтың пікірінше, трансперсоналды құбылыстар адамның гарышпен байланысын көрсетеді – қазіргі кезде даралық бейсаналықты теренінен зерттеу бүкіл Ғаламдағы эмпирикалық саяхатқа айналғанда, адам санасы әдеттегі шегінен асып түсіп және де уақыт пен кеңістік шектеулерін жеңгенде, осындай өзара қатынас әлі де қол жеткізбес болып тұр.

Осындай күйзелістер, әлі де болса, түсініксіз жолдармен біздің әрқайсымызда бүкіл Ғалам, барлық тіршілік иелері туралы ақпарат бар екенін, әркім оның бөліктеріне потенциалды түрде ене алатынын және қандай да бір мағынада бір мезгілде бүкіл ғарыштық жүйе де, оның өте кішкентай бөлігі де, бөлек және мардымсыз биологиялық мәні де бола алатынын анық нұсқайды.

Сананың трансперсоналды коріулерін басынан откерген адамдар, сананың орталық жүйке жүйесінің өнімі еместігін және де оның тек адамға ғана тән емес, ол тіршіліктің бірінші реттегі сипаттамасы, оны ешнәрсеге телу немесе қандай да бір жерден шығару мүмкін еместігін сезе бастайды. Адам психикасы шын мәнінде бүкіл Ғалам және барлық тіршілікпен мөлшерлес.

Классикалық логика тұрғысынан дұрыс емес және мүмкін емес болса да, бірақ адамда түсініксіз екі жақтылық бар: бір жағдайларда адамдарды бөлек материалды нысандар (объектілер), биологиялық машиналар түрінде қарастыруға, яғни адамды оның денесі мен ағзасының қызметімен теңдестіруге болады. Бірақ басқа бір жағдайларда адам кеңістік, уақыт және тікелей себептілік шектеулерін жеңе білетін, шексіз сана өрісі ретінде қызмет атқара алады. Адамды жан-жақты тәсілмен сипаттау үшін, біз парадоксты деректі, яғни адам бір мезгілде материалды нысан да, шексіз сана өрісі де деп мойындауымыз керек. Адамдар өздерін-өзі тәжірибенің екі түрлі модусының көмегімен ұғына алады. Осы модустың біріншісін хилотропты сана деп атауға болады: оның өзі туралы білімі материалды нысандар әлемінде нақты шектері мен уақыттың шектеулі сенсорлық диапазоны бар заттық физикалық тіршілік пендесі дегенді болжамдайды. Екінші эмпирикалық модусты холотропты сана деп атауға болады: бұл жерде нақты шектеулі негі жоқ, болмыстың түрлі аспектілеріне сезім мүшелерінің көмегінсіз өлшеусіз ене алатын сана өрісін болжамдайды.

С.Грофтың зерттеулерінің нәтижесін толығырақ қарастырайық. Жоғарыда көрсеткендей, Гроф адамның сана деңгейінен өз психикасының бейсаналық бөлігіне енгенде, төмендегідей деңгейлермен жолығатынын тапқан:

- 1) сенсорлық барьер;
- 2) даралық бейсаналық;
- 3) туу және өлу деңгейлері (перинаталды матрицалар);
- 4) трансперсоналды аймақ.

Адамдардың көбісінде барлық төрт деңгейдегі күйзелістер болуы мүмкін. Бұл күйзелістерді психоделикалық препараттарды қолдану сеанстарында немесе қазіргі замандағы тыныс алу, музыка (ребефинг, холотропты сүңгу), денемен жұмыс істеуде қолданылатын эксперименталды психотерапияның тұрғыларымен бақылауға болады. Олардың күйзелістеріне әртүрлі діни дәстүрлер, шығыстың рухани іс-тәжірибелері

колдау көрсетеді. Осындай көптеген нәрселерді сананың әдеттен тыс жағдайларының спонтанды эпизодтарынан байқауға болады.

Психиканың трансперсоналды аймағы дегеніміз не? С.Грофтың пікірінше трансперсоналды құбылыстар адамның ғарышпен байланысын көрсетеді. Осы орайда, перинатальді даму барысының бір жерінде түсініксіз сандық-сапалық секіріс болады, сонда дербестік бейсаналықты терең зерттеуде, адам санасы әдеттегі шектерінен шығып, уақыт пен кеңістік шектеулерін жеңіп, Ғаламдағы эмпирикалық саяхатқа айналады деп болжауға болады. Трансперсоналды күйзелістерді басынан өткергендердің айтуынша, тарихи уақыттарға қайта бару және өзінің биологиялық та, рухани да өткенін зерттеу, адамның өз ата-бабаларының өмірінен естеліктерді басынан кешуі деп қарастырылады. Трансперсоналды құбылыстар тек уақыттық кедергілерді жеңу трансценденциясын емес, тіпті кеңістіктік шектеулердің трансценденциясын да қамтиды, бұған екі жақтылықтың бірдейлік жағдайында басқа адаммен бірігу тәжірибесі (яғни өз бірдейлігін сақтай отырып басқа ағзамен бір жағдайға бірігу) немесе онымен толықтай пара-парлану, тұтас бір топтың санасына жақындап келу немесе сананың соншалықты деңгейде кеңеюі, ол бүкіл адамзатты қамтитындай көрінуі мүмкін. Осыған ұқсас индивид таза адами тәжірибенің шегінен шығып, жануарлар, өсімдіктер, тіпті жансыз нысандар мен процестерге қосылуы мүмкін. Уақыт пен кеңістік трансценденциясымен трансперсоналды тәжірибенің маңызды категориясы ретінде экстрасенсорлық қабылдаудың түрлі құбылыстары, мәселен, тәннен бөлек өмір сүру, телепатия, болашақты айту, көрінкелдік, уақыт пен кеңістікте ауысу, өлгендердің рухымен немесе адамнан да жоғары рухани тіршілік иелерімен (архетиптік түрлер, құдайлар, шайтандар және т.б.) жолығу тәжірибесі болады. Трансперсоналды күйзелістерде адамдар көбінесе материалды әлемнің сәйкесті аспектілері туралы егжей-тегжейлі эзотерикалық ақпарат алады, бұлар адамдардың жалпы білімдік дайындығы мен осы саладағы арнаулы білімдерінің шегінен тым жоғары болады. Мәселен, трансперсоналды күйзелістерді және эмбрионды тіршілік кезеңдерін, ұрықтану мен ұрықша, ткань мен ағза санасын басынан өткергендердің мәліметтері өтін жатқан процестердің анатомиялық, физиологиялық аспектілері туралы дәл дәрігерлік мәліметтерді қамтыған. Осылайша мұрагерлік тәжірибе, бейсаналықтың ұжымдық пен нәсілдік элементтері (Юнгтің мәнінде) және «бұрынғы өмірге келулер естеліктері» көбінесе тарихи оқиғалар, киімдер, сәулет өнерінің, қару-жарақ, онер немесе қонне мәдениеттің діни тәжірибесінің ерекше бөліктерін (олар туралы адам білуі мүмкін емес) есінде ұстайды. Трансперсоналды тәжірибе кейде микрокосм мен макрокосмның оқиғаларын қамтиды, тікелей адамның сезім мүшелерімен сезілмейтін немесе Күн жүйесі, Жер, тірі ағзалар пайда болғанға дейінгі мәліметтерді енгізеді. Осындай күйзелістер, бізге әлі түсініксіз жолмен біздің әрқайсымыз жалпы Ғалам туралы, барлық тіршілік иелері туралы мәліметке иеміз, әркім оның әр бөлігіне потенциалды эмпирикалық түрде ене алады.

Трансперсоналды күйзелістерде адамдар басқа мәдениет пен басқа тарихи кезеңнің анық және күрделі мезеттерін басынан өткереді, өздерінің бұрынғы өмірлерінен мезеттерді басынан кешіреді. Бұл күйзелістердің бірте-бірте ашылуында зерттелінуші әдетте, оның қазіргі өміріндегі белгілі адамдардан маңызды адамдарды – оның бұрынғы өміріндегі қармалық оқиғаларға қатысқандарды біле бастайды. Бұл жағдайда тұлғааралық проблемалар мен осы адамдармен қактығыстар көбінесе танылып және де бұзылған (деструктивті) қармалық паттерндердің тікелей салдарлары деп түсініле бастайды. Осындай қармалық оқиға - естеліктерді қайта басынан өткеру мен шешу жеңілдеуге, күйзелтетін қармалық «түйіндерден» босануға әкеледі. Осындай жағдайда индивидтің трансперсоналды күйзелістері кезінде көрген адамның бұрынғы өміріндегі қатысушылар, ребефинг немесе холотропты сунгу кезіндегі

трансперсоналды күйзелістер кезеңіндегі оқиғалардың бағытымен сәйкесті жағдайда өзгеруге бетбұрыста болады. Тіпті оған қатысушылар бір-бірінен мыңдаған шақырым жерде болып, араларында ешбір қатынас болмаса да бұл өзгерістер мүлдем тәуелсіз жүреді. Бұл, нағыз, кезінде К.Юнг айтып кеткен синхрондықтың көрінуі.

Сонымен, адам кеңістік, уақыт және себептілік шектеулерін жеңе алатын шексіз сана өрісі түрінде бола алады.

Адамды жан-жақты сипаттау үшін, біз, адам бір мезгілде әрі материалды нысан, әрі кең сана өрісі деген парадоксті деректі мойындауымыз керек. Адамдар өз-өздерін тәжірибенің екі түрлі модусы: хилотропты және холотропты сана арқылы ұғына алады. Хилотропты сана барлық адамдарға тән: ол өзі туралы заттың физикалық тіршілік иесі, шектеулі шегі бар және сенсорлық диапазоны шектеулі, үш өлшемді кеңістікте және материалды нысандар әлемінде сызықты уақытта өмір сүреді деген білімдерді қамтиды. Осы модустың күйзелістері жүйелі түрдегі төмендегі негізгі болжамдардан қолдау алады: материя затты; екі нысан бір уақытта бір кеңістікте бола алмайды; өткен оқиғалар аяқсыз жоғалған; болашақ оқиғаларға эмпирикалық түрде қол жеткізе алмайсың, бір мезгілде екі немесе одан да көп жерде болу мүмкін емес. Басқа эмпирикалық модусты холотропты сана (кейбір «шыңына жеткен күйзелістерді» және трансперсоналды күйзелістерді басынан өткергендерге ғана тән) деп атауға болады: ол нақты шегі жоқ сана өрісі, болмыстың түрлі аспектілеріне сезім мүшелерінің көмегінің, шексіз ене алады. Холотропты модустағы күйзелістер жүйелі түрде қарама-қарсы (хилотропты модустағыдан) болжамдардан қолдау табады: материяның заттылығы мен үздіксіздігі иллюзия; уақыт пен кеңістік мүлдем ерікті: бір кеңістікте бір мезгілде көптеген нысандар болуы мүмкін; өткен мен болашақты эмпирикалық түрде қазірге әкелуге болады; бірнеше жерлерде бір уақытта болуға болады. Әлі күнге дейін дәстүрлі психиатрия холотропты модустағы таза күйзелісті патологияның көрінуі, - деп есептейді. Бірақ бұл тұрғы ескі және теріс болып табылады, өйткені адам табиғатында іргелі екіжақтылық пен материалды нысан ретінде жеке тіршілік ету тәжірибесі және сарапталынбаған сана өрісінің шексіз тіршілігінің тәжірибесі арасында динамикалық қысым бар, яғни хилотропты да, холотропты да модустар адам үшін табиғи болып табылады. Ал психопатологиялық проблемалар қақтығыс пен екі модустың үйлесімсіз араласуынан, олардың ешқайсысы да таза түрінде күйзелінбегенде, жоғарғы деңгейдегі күйзеліспен жиынтықталмағанда пайда болады.

Эмоциялық, психосоматикалық және тұлғааралық проблемалар бейсаналықтың (өмірбаяндық, перинатальді, трансперсоналды) кез келген деңгейімен байланысты болуы мүмкін, ал кейде бірден бәрінде де болады. Перинатальді немесе трансперсоналды тақырыптарды, солармен байланысты симптомдарды тұлға кездестіріп, басынан өткізіп және жиынтықтамайынша сақталынатын көптеген симптомдар болады. Осындай проблемалар үшін кез келген түрдегі және ұзақтықтағы өмірбаяндық жұмыс тиімсіз болады. Аса күрделі эмоциялық және психосоматикалық симптомдар да болады, оларды өмірбаяндық деңгейде де, тіпті перинатальді деңгейде де шешуге болмайды, тек трансперсоналды күйзелістер (түсік тастауды қайтадан бастан өткізу, жүктілік кезеңдегі ананың аурулары мен эмоциялық дағдарыстары, өзінің керексіздігіне күйзелу, бұрынғы тіршіліктерінің тәжірибесін басынан қайта кешіру, жақын да, алыс ата-бабаларының өмірінің оқиғаларын басынан қайта өткізуі - өйткені осы оқиғалар адамның қазіргі қасіреті мен проблемаларының бастапқы себебі болған) қажет болады.

Трансперсоналды психологияға өзіндік үлес қосқан Вен Уилбер, оның идеялары «Спектр сознания» (1977), «Выше рая» (1981) кітаптарында келтірілген. Уилбердің пікірінше, сананың эволюциялық процесі сыртқы доға (сана астынан өзіндік санаға

қарай) және ішкі доғадан (өзіндік санадан санадан жоғарыға) тұрады. Уилбердің сана эволюциясының сыртқы доғасын сипаттауы, плерома кезеңнен басталады, жаңа туған нәрестенің сарапталынбаған санасы, онда уақыт, кеңістік және нысандық жоқ, ол өзінікі мен материалды әлем арасындағы айырмашылықты білмейді. Келесі кезең уроборос тағамдық қызметтермен байланысты және де субъекті мен материалдық әлемді алғашқы, қарапайым, аяқталынбаған ажыратуды пайымдайды. Тифон кезеңі өз денесінің ерекшеленуі мен тәуелсіздігімен сипатталады яғни дененің өзіндігі жасалынады – ләззат алу мен инстинктивті түрткілер қағидасының үстемділігінің эгосы. Ары қарай, тілді, ойлау мен тұжырымдамалы қызметтерді меңгерумен байланысты тілдің қатысу кезеңі басталады. Бұл жерде өзіндік өзін денеден бөлектен, ментальді және сөйлей алатын тіршілік иесіне айналады («Мен ойлай және сөйлей аламын», «Мен - ойлаймын, демек мен тіршілік иесімін»). Бұл процесс ары қарай ментальді-эгоистік кезеңде жалғасады, ол абстрактілі және ұғымдық ойлау мен өзін идентификациялау мен өзі туралы ойлардың дамуымен байланысты. Тұлғаның дамуы кентавр, яғни жоғары жинақталған интеграциямен аяқталады. Дененің, тұлғаның эгосы. Кентавр деңгейі - батыстық механикалық ғылым мойындайтын сананың ең жоғарғы деңгейі, сананың кез келген одан жоғары деңгейлері не мойындалмайды, не патологиялық деп есептелінеді. Бірақ Уилбердің сананың эволюциялық үлгісі кентаврмен аяқталмайды. Кентаврда, ол, болмыстың трансперсоналды аумағына апаратын өтпелі түрді көреді, олар эго-ақылдан, эго-ақыл тифоннан қанша алыс болса, сондай алыс, сана эволюциясының бірінші аймағы, астральді – медиумдік саланы қамтитын төменгі нәзік деңгей. Бұл деңгейде сана өзін ақыл мен денеден бөлектен, дәрекі тәндік ақылдың әдеттегі қабілеттерінен асып түседі. Бұған «денені тастау» тәжірибесі, оккультті құбылыстар, аура, астральді саяхаттар, көріпкелдік, телепатия, болашақты көру, телекинез және т.с.с. тәжірибелер жатады. Жоғарғы нәзік деңгей, бұл – нағыз интуиция, символды көру және архетиптік формалар аймағы. Жоғарғы нәзік деңгейден кейін каузальді аймақ жатыр. Оның төменгі деңгейі құдайлық сананы қамтиды, архетиптік форманың қайнар көзі. Жоғарғы каузальдік аймақта барлық формалардың түбегейлі трансценденциясы іске асырылып олар шексіз формасы санадан бірігіп кетеді. Шекті бірігу деңгейінде сана толығымен ашылып өзінің бастапқы жағдайына келеді, ол оның негізі, бүкіл тіршіліктің мәні - дәрекі, нәзік және каузальді. «Бұл нүктеде бүкіл әлемдік процесс мезеттен мезетке дейін сананың иесінің өзіндік болмысы, онсыз және одан бұрын ешнәрсе жоқ». Бұл бүкіл ғарыштық эволюция ұмтылатын шекті жағдай. Уилбер үлгісі бойынша, феноменді әлемдер бастапқы бірліктен бірте-бірте редукция мен жоғарғы құрылымдардың төменгіге прогрессивті айналуынан (каузальді құрылымның нәзік әлемге, нәзік әлемнен – біздің дәрекі материя әлеміне) жасалынады. Эволюцияның барлық деңгейлеріндегі мотивтейтін күш ретінде, Уилбердің көрсетуінше, адамның мақсаттылықпен бастапқы ғарыштық бірлікке ұмтылысы болып табылады. Туа біткен шектеулерге байланысты бұл процесс қанағаттанбайтын ымырашылыққа әкелетін жолмен жүреді, ол бұрын пайдаланылған деңгейлерден бас тарту және келесі кезеңнің трансформациясына әкеледі. Әрбір келесі жоғарғы реттегі жаңа деңгей тағы да бір ауыстыру, нақтыға жақындау болса да – жан жоғарғы санаға енгенше жүре береді, ал бұл оның басынан-ақ қалаған нәрсесі.

Трансперсоналды психологияға Л.Р.Хаббардтың жасаған дианетика, сайентология тұжырымдамасы ұласып жатыр. Хаббард «инграммаларды», яғни физикалық ауырсыну және санасыздық жағдайының ментальді жазулары мен «екінші қатардағылар», яғни қайғы мен ашу сияқты эмоциялары бар ментальді бейнелерді қарастырады. Екінші қатардағылар, солардың негізінде жатқан және сондықтан психологиялық проблемалардың тереңдегі қайнар көздері болатын инграммалардың ықпалынан

туындайды. Хаббард психологиялық проблемаларды жеңудің жүйесін ұсынды. Ол туылу жаракаты мен перинатальді эсерлердің бірінші дәрежедегі мәнін де (ұрықтану тәжірибесімен қоса), ол ата-бабалар және эволюция естеліктерін де (немесе, Хаббардтың атауынша, «Генетикалық желінің тәжірибелері»), адамның бұрынғы өмір сүрулеріне зейін аудара отырып, мойындайды.

Ч.Тойчтың психогенетикалық тұрғысы

Трансперсоналды психологияға белгілі дәрежеде доктор Чампион Курт Тойчтың тұрғысы да жақын. Оның, адам туылғанға дейін-ақ генетикалық коды өмірінің бағытының үлкен бөлігі мен мінез-құлқының негізгі паттернін анықтайды деген тұжырымдамасы ғылыми ортада бірте-бірте мойындала түсуде. ДНК молекулалары тұқым қуалаушылықпен берілетін ағзаның биологиялық және физиологиялық ерекшеліктерін, кейбір ауруларға бейімділігін ғана анықтап қоймайды, сонымен қатар генетикалық код, мінез-құлықтың паттерндерін де, қандай да бір проблемалар, оқиғалар, өмірдегі қиындықтарға бейімділікті айқындайды. Сыртқы пішінінің ұқсастығы туралы ақпаратпен қатар, генетикалық кодта (ДНК) ата-бабаларының тәжірибесі мен өмірлік рөлдері туралы мәліметтер де сақталады. Өрбір адамның өзіндік ерекше Негізгі Ішкі Бағыты (НИБ) – генетикалық, бейсаналық және саналы факторлары болады, солармен сәйкестікте ол өмір сүреді, тәжірибе алып және рөлдерді ойнайды, соның бәрі өзінің саналы реакциялары мен түсіндірмелерінен тәуелсіз жүреді.

Сонымен саналы да, санасыз да тілектер, сенімдер, күйзелістер, адам ойлары субъективті ішкі күйден басқа түрлі пішімде (форма) объективті түрде де айқындалады: 1-энергетикалық сәуле шығару – толқын; 2-адам әрекеттері; 3-саналы ойлары, тілектерін адам сырттай сөз арқылы да бейнелеуі мүмкін; 4-сайып келгенде ойлар сырттай заттар арқылы да, мәселен конструктордың ойы ең соңында объективтіленіп, нақты зат, нәрсе, өнер табыс ретінде жасалынады. Басқа адам, оны шартты түрде «қабылдаушы» деп атайық, әңгімелесуші адамның тек сөздері мен әрекеттерін қабылдап қана қоймайды, ол санасыз деңгейде әңгімелесушінің энергетикалық ойының сәуле шығаруын да қабылдайды, және де «әңгімелесушінің санасыз тілектері мен ұмтылыстарының энергетикалық толқыны» неғұрлым күштірек қабылданады, «қабылдаушының» күйі, мінез-құлқына қандай да бір эсер еткенімен қоса бұл ақпаратты ол саналы түрде сезінбейді де. Өте сирек жағдайларда, ойдың энергетикалық сәуле шығаруы күшті және үйлесімді болғанда, алынған ақпарат саналы деңгейге де жетуі мүмкін (мысалы, сіздің жақын туысыңызбен басқа қалада бір жамандық болғанын сезесіз).

Осы адамдар арасындағы санасыз энерго-ақпараттық өзара әрекеттесу, Тойчтың айқындауынша, кей жағдайларда бір адамнан екіншіге санасыз проблемалардың берілуінің «жұғуына» әкеліп соғуы мүмкін. Тойч адамның проблемалары, стресстеріне эсер корсетудің үш пішімін бөліп көрсетуге болады деп нұсқайды: 1- «адамшілік» - адам өзі үшін шешілмейтін де, ауыр да проблемамен кездесіп, оның жағымсыз және тиым салынғанына байланысты «санадан шығаруға» тырысады, сонда «басып тасталынған» проблема санасыз кешенге айналады, ол бірте-бірте сырқаттану, ашулану, мешкейлену, маскүнемдік, ауру, өлім және де басқа генетикалық тұрғыдан болжалданатындар арқылы көрініп отырады; 2- «адамаралық әдіс» - адамның – «репрессордың» проблемасы – оның психикасының санасыз бөлігіне «қудаланады», бірақ осы санасыз кешен энергетикалық толқын – сәуле шығару ретінде көрініп және энергетикалық тұрғыда проекцияланып, басқа адам – «экспрессордың» (ол бала, жұбайы, досы болуы мүмкін) психикасының санасыз бөлігіне беріледі және де «экспрессор - адам» санасыз түрде сезініп және сырттай (өзінің ашқы, аурулары,

маскүнемдігі және т.б. арқылы) тыныш, сау және тынышсызданбаған болып көрінетін репрессордың бейсанасына жазылған өзгенің стрессін көрсетуі мүмкін. Сонымен «экспрессор» еріксізден өзгенің проблемаларының құрбаны болып, денсаулығы мен өмірін де қиюы мүмкін, ал «репрессор» - проблемалардың қайнар көзі мен күнәкәрі, сау да, тыныш та күйінде болады. Сірә, Тойчтың тұжырымдамасын виктимология («құрбан» созінен) тұжырымдамасы деп атауы бекер болмас; 3 – «генетикалық» тәсіл – егер проблема аса маңызды, адам оны жеңе алмай «санасыз» деңгейде бұқтырылса, оның генетикалық механизм арқылы санасыз деңгейде ұрпақтарға берілуі мүмкін. Және де осы берілу процесі, кездейсоқ модификация болғанға дейін (жеті атадан кейін), немесе бірнеше ұрпақ осы проблеманы шешіп, бәрін саналы түрде түсіну және проблемалар мен мінез-құлықтың жабысқақ паттерндерін жеңуге тырысқанға дейін, жалғаса береді. Неғұрлым күрделілеу, неғұрлым «күнәарлау» болса, соғұрлым проблема ұрпақтарға тезірек беріледі. Ата-бабаның алынып тасталынбаған стрессі қарқындылығы бойынша дами береді, ойткені ол ұрпақтан ұрпаққа беріліп, қазіргі кездегі жағдайлармен күшейе түседі. Осы санасыз процесс тек қана ішкі таным мен адамның саналы әрекеттері арқылы ғана жеңілуі мүмкін. Сонымен – кей жағдайларда, адам санасыз түрде өз ата-бабаларының проблемалары мен тағдырын қайталап, ата-бабаларының қателіктері мен проблемалары үшін өзінің денсаулығын сарп етеді, оның ерекше «негізгі ішкі бағыты» - НІБ бар, ол еріксіз құрбан болады.

Ч.К.Тойчтың генетикалық тұрғысы осындай мұрагерлік қактығыстар мен проблемаларды анықтап және ұғынуға мүмкіндік туғызады. Оларды ұғыну, адамның ерте балалық шақтан бастап өз өмірбаяны мен оның тәрбиесінің ерекшеліктерін талдау, сонымен қатар ата-анасы, әжелері мен аталары, нағашыларының өмірбаяндарының деректерін талдап, тұрақты, мұраланатын, қайталанатын мінез-құлық паттерндерін, қайталанып, отыратын отбасылық проблемалар мен қактығыстарды, яғни өзіндік «отбасылық генетикалық кодты» анықтау қажет. Доктор Тойч, виктимологияның (ағыл. - құрбан) негізін қалаушылардың бірі, адам көбінесе - өз ата-бабаларының проблемалары мен генетикалық кодтың құрбаны, еріксізден ата-бабаларының қателіктері мен шешілмеген проблемаларын қайталайды, егер де осы проблемаларды нақты осы адам өз өмірінде шеше алмаса, ол міндетті түрде оның балалары, немерелері және одан да ары, қайталанатын проблема ұрпақтарының біреуімен шешілгенге дейін беріле береді. Генетикалық кодты, келеңсіз отбасылық қайталанатын мінез-құлық паттерндерін ұғынудың мәселен, қайталанатын маскүнемдік - атасы, әкесі, ұлы, немересі маскүнемдікке бейім; немесе ұрпақтан ұрпаққа дейін осы тектің барлық әйелдері тұрмысқа есеппен шығып, өте бақытсыз болуы осы паттерндерді жеңу үшін нақты практикалық әрекеттерді ойластырып іске асырумен бірлесе отырып, адамның өз өмірін түрлі аспектіде жақсыға бұруына мүмкіндік береді. Тойч, өзінің 30 жылдық терапевтік тәжірибесінде НІБ, демек, адам тағдыры да ұғынумен саналы бағытталынатын жетілдіру Бағдарламасын іске асырудың жүйелі іс-әрекеттерімен өзгертіле алатынын дәлелдеді, яғни келеңсіз отбасылық – генетикалық кодты дәл адымдап жеңу, өмірдің өнімділігін арттыру, денсаулығын жақсарту іске асырылады. Тойч өзінің емделушілері үшін (девиктимизация мен алға қойылған өмірлік мақсаттарға жетудің) жан-жақты бағдарламасын жасады. IDEAL әдісінің көмегімен өзгертілген НІБ адамға, оның туыстары мен жақындарына неғұрлым табысты да бақытты өмір сыйлайды, яғни егер адам «құрбандық кодын» ұғынып, оны анықтаса және өз ақылының күші және де егжей-тегжейлі ойластырылған практикалық әрекеттердің мақсатталынған жүйесі арқылы «өз кодын өзгерте алса» (бұл, әрине, өте күрделі), онда ол адам «құрбандықтан» арыла алады. Тойчтың байқауынша, кейбір тұлғалық бітістер мен мінез-құлықтардың біреулері бір ұрпақта үстемдеу болады да, басқасындаронша көрінбейді. Сондықтан да балалар көбінесе өз ата-анасынан көрі,

атасы мен әжелеріне көбірек ұқсайды және де аталары мен әжелерінің тағдырының шешілмеген проблемаларын жиірек қайталайды. Бүкіл адами іс-әрекеттің негізгі міндегі ДНК-ны даралық және ұжымдық - саналы және бейсаналы күш салулар арқылы тазалау болып табылады. Балалардың үлкендердің психологиялық проблемаларын қабылдау қажеттілігі осы процеспен байланысты. Тауратта да, адам күнелары үшін оның балалары, жеті атаға дейінгі ұрпақтары жауап береді, деп айтылған. Негұрлым адам осы «күнәні», ата-бабаларының шешілмеген проблемасын тезірек ұғынып және де белсенді түрде оны шешіп немесе женсе, солгұрлым оның өзі де, балалары да, ұрпақтары да бақытта болады. Келеңсіз генетикалық кодты жену үшін Ч.Тойчтың «Второе рождение или искусство познать и изменить себя» деген кітабында жасап ұсынған жалпы ұсыныстары да пайдалы болса, және де әрбір нақты жағдайда отбасылық кодтың ерекшелігіне байланысты - Ч.Тойчтың IDEAL - әдісін білетін психологтың нақты жетілдіру бағдарламасының комегі де пайдалы болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Гроф С. За пределами мозга. М., 1993.
2. Гроф С. Области человеческого бессознательного. М., 1993.
3. Тойч Ч.К., Тойч Д.М. Второе рождение или искусство познать и изменить себя. М., 1994.
4. Хаббард Л. Дианетика. Современная наука душевного здоровья. М., 1993.
5. Юнг К. Проблемы души нашего времени. М., 1994.
6. Хьелл Л., Зиглер Д. Теории личности. С-Пб., 1997.
7. Юнг и современный психоанализ. Хрестоматия по глубинной психологии. М., 1997.
8. Юнг К. Психология бессознательного. М., 1996.
9. Гроф С. Космическая игра: исследование рубежей человеческого сознания. М., 1997.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада трансперсоналды психологияның қазіргі тұрғылары қарастырылады. Психологиядағы бұл бағыт соңғы уақытта қарқынды зерттелу үстінде.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются современные подходы трансперсональной психологии.

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ИНТЕРАКТИВНЫХ МЕТОДОВ: ИНТЕРАКТИВНЫЕ ИГРЫ, ТРЕНИНГИ

Касымова Г.М. (г. Алматы, КазГосЖенПИ)

В преподавании предмета «Самопознание» необходимо правильно выбрать цель, содержание занятия, материальную базу, потенциалы обучающихся и преподавателя, а также в этой связи представленные ниже классификации методов преподавания предмета «Самопознание» и их краткая характеристика не претендуют на исключительность, а имеют условный характер и могут быть восприняты в качестве предложения, как синтез традиционных и активных методов обучения. Вместе с тем излагаемый материал основан на исследованиях социально-психологического обучения О.С.Анисимова, И.Вачкова, Ю.Н.Емельянова, Г.М.Касымовой, Ю.Л.Котляровского,

К.Фопеля, Е.А.Хруцкого, а также методики преподавания психологии Б.Ц.Бадмаева, В.Я.Ляудис и других.

В основе некоторых игр, лежат проективные методы, которые дают возможность участникам проявить находящиеся в глубинных слоях подсознания чувства и идеи, желания и опасения, воспоминания и надежды. Есть игры, в которых утрируется определенное поведение, чтобы участники могли лучше его почувствовать и понять. В других играх используется принцип контраста - от участников требуется в качестве эксперимента вести себя не так, как они обычно ведут себя в повседневной жизни для того, чтобы они могли расширить свой поведенческий репертуар. Существует техника обмена ролями, благодаря которой участники учатся смотреть на ситуацию с другой точки зрения, развивая тем самым умение понимать партнера. Некоторые игры используют технику идентификации, помогающую лучше узнать и интегрировать мало проявляемые аспекты собственной личности. Есть игры, работающие по системному принципу, в них участники изучают на практике различные нормы общения, чтобы затем понимать последствия применения в жизни разных коммуникативных стилей. Наконец, существуют игры, в которых участники в ходе дискуссии приходят к выводу о том, какие нормы общения и поведения эффективны в жизни всегда.

Требования к ведущему группы. Конечно, все интерактивные игры можно рассматривать с точки зрения того, насколько полно они учитывают потребности участников. Слишком редко ставится вопрос о способности ведущего провести анализ и оценку игры так, чтобы возникающие в ходе нее проблемы, чувства и опыт были осознанно проработаны. При этом должна сохраняться работоспособность группы, а каждый участник должен получить для себя какую-то пользу.

Ряд интерактивных игр предназначен для ведущих, которые не имели опыта собственного участия в психологических группах. Другие игры предполагают, что ведущий сам имеет опыт участника групп.

Критическая самооценка ведущего - важный фактор успеха работы. Если ведущий только прочитал описание интерактивной игры, не имеет опыта участия в ней и спрашивает себя, достаточно ли у него квалификации для ее проведения, то лучше забыть об игре или попробовать провести ее с коллегами. С другой стороны, требования к себе не должны быть чрезмерно высокими.

Если ведущий и группа стоят перед выбором - проигнорировать возникшие проблемы или же опытным путем, пусть недостаточно умело, но выделить их и проработать, то, на наш взгляд, многое говорит в пользу второго выбора. В целом, опаснее вытеснение психологических проблем, чем проработка, пусть даже и дилетантская.

Масштаб интервенции. Чем меньше у ведущего опыта, тем безопаснее для него и для группы попробовать интерактивную игру со *всеми* участниками. В этом случае все члены группы действуют одновременно, что способствует групповой сплоченности. С другой стороны, приходится учитывать, что у разных участников различные потребности и готовность к обучению, так что степень эффективности интерактивной игры для всех различна.

Опытные ведущие могут проводить игры, фокусируя внимание только на определенных участниках. В таком случае активно работает не вся группа. Проблема обсуждается и решается теми участниками, для которых она в данный момент актуальна, остальные выступают в качестве фона. Как правило, такой вариант очень эффективен.

При этом возможны следующие ситуации: отдельный участник будет активен по отношению к группе или же группа - по отношению к участнику; двое участников

